Результаты хозяйствования последних лет показывают, что при определенной поддержке органов управления в области и на правительственном уровне, перемены в улучшении экономических и других показателей, возможны. В городе начата работа по изучению и максимальному использованию для стабилизации экономики города возможности развития здесь туризма.

В условиях, когда основная роль в решении проблем города по реформированию его экономики принадлежит местным органам власти и управления, целенаправленно влиять на этот процесс можно лишь на основе долгосрочной стратегии экономического и социального развития города.

Список использованных источников

- 1.Алексеенко В.А. Усть-Каменогорск. – Алма-Ата, 1970. - 102 с.
- 2.Асылбеков М.Х. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 192 с.
- 3.Герасимова Э.И. История города Уральска в дореволюционный период (1613-1917 гг.): автореф. ... канд. ист. наук. - Алма-Ата, 1965. – 24 с.
- 4.Двоскин Б.Я. Будущее городов Казахстана. - Алма-Ата, 1975. – 19 с.
- Джусупбеков С.Д. Город Верный: (Страницы истории). - Алма-Ата, 1980. - 215 с.
- 5.Досанов Б.Д. Целиноград. - Алма-Ата, 1971. - 112 с.
- 6.Искаков У.М. Города Казахстана: проблемы социально-экономического развития. - Алма-Ата: Наука, 1985. – 160 с.
- 7.Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917 гг.). – Алматы, 1998. – 276 с.
- 8.Малехоньков В.Г. Возникновение города Кустаная. – Кустанай, 1949. – 46 с.



МРНТИ 12.51.01

**А.Т. Фазылахметова, старший преподаватель,
магистр гуманитарных наук**

**Д. Мирас, Қаржы мамандығы 1 курс, 111 топ
Костанайский инженерно-экономический университет им. М.Дулатова**

Сабақ барысындағы деңгейлеп оқыту технологиялары

Аннотация: Мақалада қазақ тілін жоғары оқу орындарында қашықтан оқыту жүйесінің ерекшеліктері қарастырылды. Мақалада қашықтық технологиясын тілдерді оқытуда қолданудың тәсілдерін зерттейді. Қашықтықтан оқытудың мүмкіндіктерін тілді үйретуде кеңінен қолданылу қажет екені баяндалды.

Аннотация: В статье рассмотрены особенности системы дистанционного обучения казахскому языку в высших учебных заведениях. В статье исследуются способы применения дистанционных технологий в обучении языкам. Было отмечено, что возможности дистанционного обучения необходимо широко использовать в обучении языку.

Abstract: The article considers the features of the system of distance learning of the Kazakh language in higher educational institutions. The article examines the ways of using distance learning technologies in language teaching. It was noted that the opportunities of distance learning should be widely used in language teaching.

Кілт сөздер: жоғары оқу, тиімділік, деңгей, ұстанымдар.

Ключевые слова: высшее образование, эффективность, уровень, принципы.

Keywords: higher education, distance learning, principles.

Кіріспе

Қазақ тілі сабағында деңгейлеп оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі Білім берудің қазіргі жағдайында оқытудың жаңа мазмұны мен қалыптарын іздестіру - өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай әр түрлі педагогикалық технологиялар жасалып, мұғалімдердің тәжірибесіне енгізілуде. Ана тілімізді ұлттық құндылық ретінде дәріптеуде осы пәнді үйретуші әрбір ұстазды оқытудың жаңа үрдістері мен өзекті мәселелері ойландырмай қоймайды. Осыған орай, өз тәжірибемде жиі қолданып жүрген технологияларының бірі – Ж.А.Қараевтың саралап – даралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп саралап оқыту педагогикалық технологиясы –нәтижеге бағытталған білім беру құралы. Саралап білім беру –қабілеті және мақсаты әр түрлі оқушылардың дамуына жағдай жасайды.Оқу пәні ретінде орыс сыныптарында қазақ тілін саралап оқытудың өзіндік

ерекшелігі және маңызы бар.Себебі ,объективті түрде өзге тілді оқушы үшін қазақ тілі мектептегі оқу пәндерінің ішіндегі қиындарының бірі болып табылады. Мемлекеттік тіл ретінде саралап оқыту-ол тек мықты оқушылардың ғана емес, бұл пән қиынға соғатын оқушылардың да мүмкіндігін қанағаттандыруы тиіс.Деңгейлік тапсырмаларды енгізгендегі басты мақсат-сынып оқушыларын «қабілетті» және «қабілетсіз» деп жасанды түрде әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Деңгейлеп оқыту барысында оқушының бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындағаны «есепке» алынып отырады. Қандай оқушы болмасын, мысалы өзінің жақсы оқитындығына қарамастан , жұмысын «оқушылық», «міндетті» бірінші деңгейдің,ол үшін жеңіл болса да, тапсырмаларын орындаудан бастайды. Барлық оқушылар жұмысын бір мезгілде бастап, әрқайсысы, білім игерудегі өз қабілетіне қарай , өз білігіне жетеді. Бұл барлық оқушыларды тірек білімімен қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының талаптарына сай келеді. Нақтырақ айтсақ: -барлық оқушылардың оқу мақсатына қол жеткізуінің кепілі болады және оқу пәндерінің барлық тақырыбы бойынша ең болмағанда міндетті бірінші деңгейді игеруін толық жүзеге асырады. Бұл өз кезегінде,мемлекеттік стандарттың орындалуына кепілдік береді. Нәтижесінде үлгерімі нашар студенттер де, кем дегенде «оқушылық» деңгейге сәйкес білімді толық меңгеріп алатынын өз тәжірибемде байқадым. Себебі ол осы деңгейдің тапсырмаларын толық және дұрыс орындап өткізбесе келесі деңгейге көшпейді. «Міндетті» деңгейді толық меңгергеннен кейін оқушы әрі қарай ,өзіне өзінің сенімі артады. Студенттердің әрқайсысы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы. Осылайша бір деңгейден бір деңгейге, өз білімін біртіндеп толықтыра отырып ,өз қабілетін де жетілдіреді.

Нысан және әдістеме

Бұл жағдайда жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының күнделікті мақсатына айналады. Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты: жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұсына отырып, оқушыны ізденіске, шығармашылыққа баулу; - дарынды оқушылардың мүмкіндігін анықтау; әр оқушы өзін-өзі бағалайды, өз білімін жоғары деңгейге өзі жеткізе алады, материалды толық меңгереді. Бұл технологияның тағы да бір тиімділігі – оқушылар білімін бағалау мен бақылау жүйесі арасындағы байланыс оқушының әр сабақта жинаған ұпайларын “Даму мониторингі” кестесінде белгілеп отыру арқылы тарау бойынша оқушы біліміне талдау жасап отыруға мүмкіндік туады. Бірінші деңгей (оқытушылық деңгей) – білімнің минималдық шегі, жаттап алуға лайықталған болуы керек. Алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.Тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек. Граммаикалық тапсырмалар, жазба жұмыстарын орындау, мәтінді түсініп оқу, жаңа сөздерді пысықтау, сұрақтарға түсініп жауап беру. Екінші деңгей (алгоритмдік деңгей)- өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар.Оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар.Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыру күрделі материалдарды жүйелей алуы, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы, сол тақырыпты еркін меңгергені ескеріледі. Үшінші деңгей (эвристикалық деңгей) – танымдық-іздену түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Бұл деңгейде оқытушылардың меңгерген білімдерін тереңдету үшін танымдық ізденіс, әр – түрлі логикалық тапсырмаларды талдай, жинақтай алатын және салыстыра білуді қажет етеді. Төртінші деңгей (шығармашылық деңгей) - оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.Олимпиадалық тапсырмалар,берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, докладтар дайындау.Өз бетімен оқу материалдарын меңгеру. Құбылысты өз бетімен талдай келіп, шағын шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Әр деңгейдің барлық тапсырмаларын дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергеніне сәйкес ұпай алады.

Зерттеу нәтижелері

Бұл технология бойынша жұмыс жүргізу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Күнделікті сабақта беретін деңгейлік тапсырмаларды қызықты етіп құрап, оқушылардың қызығушылықпен орындауларын қадағалау қажет. Тек оқулықтағы тапсырмалармен шектеліп қалмай, әр түрлі қызықты тапсырмалар берілуі керек. «Деңгейлеп саралап оқыту» тақырыбы бойынша мен өз тәжірибемде жұмыс жасап келемін. Өзім сабақ беретін сыныптардың сабақтарына деңгейлеп оқыту технологиясының элементтерін кіргіздім. Осы сыныптарда әр оқушыға жазба дәптерін жасап, жинақтаудамын. Бұл «Жұмыс дәптерінде» оқыту мазмұны формасының жаңалануы әрбір оқушының ынтасын, іскерлігін мүмкіндігін дамытатындай жағдай жасау қажеттігі профессор Ж.А.Қараевтың педагогикалық технологиясының арнаулы талаптары бойынша жасалған. Сабақты бекіту кезеңіне, қайталау сабақтарына арнап деңгейлік тапсырмалар құрастырып отырамын. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы көтеріледі. Енді қазақ тілі пәнінен осы технология бойынша өткізген сабағымнан мысалдар келтіремін. Спорт тақырыбы туралы мәліметтерді жалғастыру, спорт тақырыбына байланысты сөйлесу, жаттығу, анықтау, талдау жұмыстарын жүргізу. Дамытушылық: балалардың сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту, шығармашылық жұмыстар жасауға жетелеу, танымдарын кеңейтіп, ой - өрісін дамыту. Тәрбиелік: белгілі спортшылардың өмірі мен жетістіктерінен үлгі ала отырып, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.

Қорытынды

Қорыта келгенде деңгейлік тапсырмалар орындау негізінде оқытудың оң нәтижелеріне көз жеткіздім. Сабақты деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың тиімділігі: Сабақтың мазмұны мен сапасы артады. Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, шеберлігі шыңдалады; Жауапкершілігі артады, шығармашылығы қалыптасады; Жүйелі оқыту принциптері арқылы оқушы өзін-өзі дамытып, өзін-өзі бағалап, білім деңгейін өсіреді; Оқушы өз қызметіне талдау жасайды, қорытынды шығарады, жаңалыққа ұмтылады. Осы сабақты деңгейлік тапсырма арқылы өтудегі білім сапасының көрсеткіштері: Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың өз бетімен ізденіп жұмыс істеуіне жетелейді және сабаққа оң мотив туғызыға әсер етеді. Деңгейлік тапсырмаларды орындау оқушылардың белсенділігін арттырып, өмірге икемділігін дамытады, олардың сапалы білім алуына жәрдемін тигізеді. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың әлеуметтік –танымдық көзқарастарын қалыптастырып, өмірде кездесетін әртүрлі ситуацияларды меңгеруге көмектеседі. Деңгейлік тапсырмаларды қолдану барысында оқушылардың байқағыштығы, ойлауы, ізденушілік қабілеті өседі. Рейтингтік жүйе студенттің білімін әділ бағалауға игі ықпал етеді: Деңгейлік тапсырмалар құрылымы мен мазмұны баланың қызығушылығын туғызып, студентті терең ой айтуға үйретеді. Деңгейлік тапсырмалар орындату балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше студентті біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ж.У.Кобдикова «Орта мектепте білім алуды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту)». 2011 жыл
2. М.М. Жанпейсова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» Алматы 2016 жыл
- 3 Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).



Д. Рябинина, Технология перерабатывающих производств ТПП211¹
А.Т. Фазылахметова, старший преподаватель, магистр гуманитарных наук¹
¹Костанайский инженерно-экономический университет им. М.Дулатова

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашалық жолы

Аннотация: Бұл мақалада Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, оның өмірі, жетістіктері мен мансаптық өсуі қарастырылды.

Аннотация: В данной статье было представлено творчество Ахмета Байтұрсынова также рассмотрено его жизнь, его достижения и карьерный рост.

Annotation: This article presented the work of Akhmet Baitursynov and also considered his life, his achievements and career growth.

Кілт сөздер: Ағартушы, ғалым, ақын, аудармашы, педагог, публицист, түркітанушы.

Ключевые слова: Просветитель, ученый, поэт, переводчик, педагог, публицист, тюрколог.

Keywords: Educator, scientist, poet, translator, teacher, publicist, turkologist.

Кіріспе

2022 жылы Қазақстан қазақ қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, ғалым, ақын, аудармашы, педагог, публицист, түркітанушы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығын атап өтуде.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы Ұлы патриоттың есімі ұмытылды.

А. Байтұрсынов Торғай уезінің Тосын болысында, шаруа отбасында дүниеге келген. Алғашқы білімін туған ауылында алып, Торғай орыс-қазақ училищесінде (1886-1891), ағартушы Ыбырай Алтынсарин (1891-1895) негізін қалаған Орынбор мұғалімдер семинариясында оқыды.

Педагогикалық қызметін 1895 жылы мұғалім болып бастады. Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездерінің ауылдық және болыстық училищелерінде сабақ берді. 1905 жылы саяси қызметке белсене араласып, қазақтардан жерді экспроприациялауды тоқтату, қоныс аударушылар легін тоқтата тұру, халық земстволарын құру талаптары мәлімденген "Қарқаралы петициясының" авторларының бірі болды. 1907 жылы ол патша әкімшілігін сынағаны үшін алғаш рет түрмеге қамалды, ал 1909 жылы Байтұрсынов сотсыз екінші рет 8 айға Семей түрмесіне қамалды.

Бұл кезеңге оның қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми ізденістері мен ана тілін оқыту әдістемесі жатады. Келесі жылдары ол Қазақ жазуын реформалау принциптерін әзірлеуге кіріседі, қазақ грамматикасының санаттарын анықтау үшін ғылыми терминологияны әзірлейді.

А. Байтұрсыновтың шығармашылық қызметі фантастикадан басталды. Өлеңдерінде ол қазақ халқының қажеттіліктері мен ұмтылыстарын, жарқын болашақ туралы армандарын білдірді, шенеунік аппаратының екіжүзділігін әшкереледі, білім жарығына, мәдениетке шақырды. "Қырық ертегі" (1909), "Маса" (1911), "москит" (1911) шығармаларында бос әурешілік, жалқаулық, бос әурешілік, надандық сияқты адамның кемшіліктері мен кемшіліктері мазақ етіледі.

1913 жылы А.Байтұрсынов Бірінші Мемлекеттік Думаның бұрынғы депутаты Ә. Бөкейхановпен, ақын және жазушы М. Дулатовпен бірге Орынборда "Қазақ" газетін ашып,



оның бірінші редакторы болады. Газет бағдарламасында ең бастысы қазақ тілінің, мәдениетінің, мектептегі білім берудің даму мәселелерін жариялау болды.

Нысан және әдістеме

"Қазақ" газетінен үзінді: "өз дербестігімізді сақтап қалу үшін, бізге барлық күш-жігерімізбен және құралдарымызбен ағартушылыққа және ортақ мәдениетке ұмтылуға тиіспіз, ол үшін біз ана тіліндегі әдебиетті дамытумен айналысуымыз керек. Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар адамдар ғана тәуелсіз өмір сүруге құқылы екенін ешқашан ұмытпауымыз керек..."

Газет 5 жылға созылды-1918 жылдың күзіне дейін. Осы уақыт ішінде ол басты ұлттық қоғамдық-саяси және ғылыми-әдеби басылымға айналды.

Зерттеу нәтижелері

1917 жылғы революциядан кейін, "Алаш" партиясының мүшесі бола отырып, А.Байтұрсынов Қырғыз (Қазақ) өлкесінің әскери-революциялық комитетінің мүшесі болып сайланады, өлкені ағарту халық комиссары (1920-1921), Академиялық орталықтың төрағасы (1921-1922), Наркомпростың ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі болып жұмыс істейді.

1921-1928 жылдары қазақ халық ағарту институтында жұмыс істейді, онда қазақ тілі мен әдебиеті, тарих және мәдениет бойынша дәрістер оқиды. 1928-1929 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры. Ол жасаған және оның есімімен аталған графикалық жүйе сауатсыздықты тез жоюға, қазақтардың жазба мәдениетін арттыруға мүмкіндік берді. А. Байтұрсынов араб графикасы негізінде қазақ хатын реформалап, оны шетелде тұратын миллиондаған қазақтарға пайдалануға мүмкіндік берді. "Жаңа Емле" ("Новая орфография") деп аталған жаңа әліпбиді әлі күнге дейін Қытайда, Ауғанстанда, Иранда тұратын қазақтар қолданады.

1929 жылы Қызылорда қаласына шығармашылық сапары кезінде А.Байтұрсынұлы тұтқындалады. Оған 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылар съезінде шетелдік ғалымдармен кездесіп, Мұстафа шоқпен байланыс орнатуға тырысқаны үшін кінә тағылды.

1931 жылы – Архангельск облысына жер аударылды, онда ол үш жылдан кейін ғана Алматыға оралды. 1937 жылы репрессияның жаңа толқыны көтерілген кезде ол қайтадан қамауға алынды. 1938 жылдың 8 желтоқсанында Ахмет Байтұрсынов " халық жауы "ретінде атылады.

1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ақталды.

Елбасы кітапханасының қорында 2004 жылы жарық көрген А.Байтұрсыновтың шығармалар жинағының үш томы сақталған. Бірінші томда өлеңдер, ертегілер және әдеби-ғылыми зерттеулердің материалдары бар. Жиналыстың екінші томы-бұл мектеп оқушыларына, студенттерге, мұғалімдер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, сондай-ақ кең аудиторияға арналған оқу құралы. Үшінші том-оқулықтар мен оқу құралдарының материалдарының толық жиынтығы.

Кітапханада Ахмет Байтұрсыновтың биологиясы негізінде жазылған кітаптар да бар. Бұл-Райхан Имаханбетованың "ғасыр таңдауы: Ахмет Байтұрсынұлы құрылымдық ғұмырбаяны" атты басылымы мен қазақ халқының көрнекті ағартушысының өмір жолындағы маңызды ғасырларын баяндайтын Амантай Ахетовтың "рух билігі" кітабы.Ағартушы-педагог.

1909 жылы Семей түрмесінен жазылған" анаға жазған хатында " А.Байтұрсынов Бұл оқиғалар туралы былай деп жазады: 13 жасында шайқасқан Жүрегім жазылмайтын жара мен терең із қалдырды.

Ахмет ауыл молдасынан сауат ашқан. А. Байтұрсынов үлкен қиындықтармен және қиындықтармен Торғай училищесін бітіріп, 1891 жылы білімін жалғастыру үшін Орынборға баруды ойлайды. Ломоносов сияқты А.Байтұрсынов кездейсоқ жолдастарымен Орынборға дейін жетіп, қырғыз мұғалімдер мектебіне түседі.

Ол үшін Орынборда төрт жылдық болуы және жыл сайын Торғай уезіне каникулға оралуы және Орынборға кері жүруі өте қиын жағдайларда өтеді, бірақ А.Байтұрсыновтың

табанды мінез-құлқы кездескен қиыншылықтарға шыдайды және "наннан суға" ауысып, 1895 жылы ол мұғалімдер мектебінің курсы аяқтайды.

А. Байтұрсыновтың мектепте білім алуы осымен аяқталады. Болашақта ол еуропалық әдебиетті зерттей отырып, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады.

А. б. педагогикалық қызметі 1895 жылдан басталады. 1895-1909 жылдар аралығында Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі ауылдық, болыстық және екі сыныптық училищелерде мұғалім.

Сонымен қатар ерте мезгіліне жатады өлеңдері, ол дал атауы "Сеятель разума". Ахмет Байтұрсынов ағартушылық, Білім беру халыққа еркіндік, қоғамдық өзгерістер жағдайында ғана елеулі пайда әкелетінін түсінген Қазақстанның алғашқы ағартушыларының бірі болды. Ол көбінесе жергілікті билеушілердің озбырлығын және патша автократиясының отаршылдық саясатын әшкерелеумен сөйледі.

Байтұрсынов-ғалым, публицист.

Қазақ тілінің табиғатын зерттей отырып, ол тіл білімі бойынша мақалалар мен оқулықтар жазады, кейіннен тіл білімі бойынша ғылыми зерттеулері шығады. Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық еңбектерінің нәтижесінде бізде қырғыз әліпбиі, фонетикасы, қырғыз тілінің синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар. Осы қажырлы еңбегімен Ахмет Байтұрсынов қырғыз әдебиетін жоғары деңгейге көтеріп, ұлттық мектеп пен туған әдебиет үшін берік іргетас қалады.

Ақпан және қазан төңкерістерінің аласапыран жылдарында, орыс және қазақ зиялыларының көптеген өкілдері сияқты А.Байтұрсынов болып жатқан оқиғалардың мазмұны мен түсінігін бірден түсінбеді және біраз уақытқа ұлтшылдық сезімнің ықпалында болды.

Бірақ көп ұзамай 1919 жылы Қазақ халқы үшін оңшыл ұлтшыл партиялар саясатының қасірет шеккеніне көз жеткізіп, ол ар-ұждан билігіне өтіп, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің жұмысына қатысады. В. И. қол қойған мандатты алды. Ленин, ол қазақ халқының мемлекеттілігін дайындауға елеулі үлес қосып, оның құрамында үздіксіз еңбек етіп келеді.

Қазақ кеңес Республикасы құрылғаннан кейін, Үкімет мүшесі болды., А.Байтұрсынов республиканың ағарту халық комиссары, кейін "ақ жол" газетінде, Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы Қазақстанның академиялық орталығында жұмыс істейді, тіл білімі және әдебиеттану бойынша бірқатар еңбектер жазады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, 20 ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті әлемдік мәдени процестің бір бөлігі ретінде дамыды, көшпелі өмірдің ерекшелігіне, ұлттық өнердің өзіндік дәстүрлеріне негізделген өзіндік ерекшеліктері болды, ол халық шығармашылығын және мәдени шығармашыл зиялы қауым өкілдерінің жеке стильдерін бойына сіңірді.

Әрине, бір шығарма көлемінде мәдениеттің дамуының осындай маңызды кезеңін сипаттау мүмкін емес, бірақ менің ойымша, жұмыстағы дамудың негізгі бағыттары әсер етті.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <https://elbasylibrary.gov.kz/kk>
2. <https://stud.baribar.kz/23857/biografiya-i-tvorchestvo-akhmeta-baytursynova/>



МРНТИ 17.01.21
С. Қасымханов, 2Ш-2 тобы¹,
Ж.Т. Әбдіхалықова, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы¹
¹«Қостанай ауылшаруашылық колледжі» КҚММ

**Ахмет Байтұрсынов пен Ыбырай Алтынсарин шығармалары
арасындағы ұқсастық**

Түйіндеме. Екі ұлы ақынның шығармашылығын зерттей отырып, олардың ұқсастығын анықтау.

Аннотация. Исследовать творчество двух великих поэтов, выявить их сходство.

Abstract. Comparison of the works of two great poets, revealing their similarities.

Түйінсөздер: ағартушы, мектеп, оқулық, мұғалім, балалар

Ключевые слова. Просветитель, школа, учебник, учитель, дети

Keywords: an educator, a school, a textbook, a teacher, children

Кіріспе

Ахмет 1891 жылы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқып, тәрбиеленеді.

Ыбырай – ұлы ағартушы. Халық ағарту ісінің де, ағартушылық әдебиеттің де, журналистиканың да негізін салушылардың бірі болса, Ахмет Байтұрсынов ол жасаған осы абыройлы істердің бәрін жалғастырып, дамытушы, талантты ізбасары десек те болады.

Халқымыздың кемеңгер ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахмедке хат жазып:

«Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзін жазсаң жақсы болар еді. Ол сенің ағаң емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ [Дулатов Г. Аманат /Жұлдыз, 1994 №3-4. – 3-б.],»- деп екеуінің бір-бірімен рухани жақындығын, масаттарының бір екенін айтып, үлкен сенім артады. Шын мәнінде де, Ыбырай мен Ахметте бір-біріне ұлттық мүдеден туған ұқсастық көп.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Мектеп –қазақтарға білім берудің басты құралы...Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» [Таза бұлақ. Алматы: Жазушы, 1988. -204б.], деп жазса, бұл ойды Ахмет Байтұрсынов «Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» [Мектеп керектері//Қазақ, 17 май, 1914],- деп әрі қарай жалғастырып, іс жүзіне асырды. 1895 жылы педагогикалық училищені бітірісімен, ұстаздық жолға түсті. Оның алдына қойған мақсаты-қалың ұйқыдағы қазақ халқын маса болып ызындап, санасына білім құю арқылы ояту болды. Оқу-білім, мектеп, оқулық, оқу жүйесі, мұғалім туралы сыр толғап жүріп, ағартушылық қызметті де атқарды. Екі тіл жанашырларының да қозғаған мәселелері, мақалалары бірдей мәселен: Ыбырай Алтынсарин «Облыстардағы оқу жұмыстарының жалпы жайы», «Мектептердегі оқу және тәрбие жұмыстары», «Оқу құралдарының жайы», «Мектептің шаруашылық жайы» деп халық ағарту мәселелері жөнінде толғанса, Ахмет те аға жолын жалғастырып, «Қазақша оқу жайынан», « Оқу жайы», «Оқыту жайынан», « Мектеп керектері», « Орысша оқушылар» деген мақалалар жазды. Олардың мақалаларында халық ағарту ісінің мұң –мұқтаждары айтылды, оқу ісін жақсартудың жолдары да көрсетілді.

Ахаңның « Қазақша оқу жайынан» [Қазақ, 16 май, 1913] мақаласында редакцияға («Қазақ» газетіне – С.О.) мұғалімдерден бала оқыту үшін бағдарлама (автор бағдарламаны әуелі орысша «программа» деп алып, жақшаның ішінде «жосық» деп аудармасын көрсетіпті – С.О.) сұраған өтініш хаттар жиі түсетінін, бірақ әліппеден басқа бастауыш мектептерге арналған оқулықтар әлі де шықпағандықтан, бағдарлама жасау мүмкін емес екендігін түсіндірген. Баланы оқытпай тұрып, оларға арнап кітаптарды мәнді –мағыналары, ұғынықты етіп шығару керектігіне тоқталған болатын.

Осы орайда біз сонау егемендік алған алғашқы жылдардағы кейбір келеңсіз істерді еске аламыз. Оқулықтар тапшы, мектептерде бастауыштың мұғалімдері жеткіліксіз, сонда да

бірнеше облыстық, қалалық, ауылдық және аудандық мектептерде бастауыш сыныптар ашылып, көп ұзамай жабылып қалды. Мұндай жағдайлар алдын-ала ертеңге жоспар құрмағандықтан болды.

Ұлы ағартушы « Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп ,сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымыздыға жосық белгілеу дұрыс», -деп дұрыс айтқан.

Зерттеу нәтижелері

Ахмет Байтұрсынов –ұлтымыздың ұлы ұстазы.Оның әр айтқан пікірі, ойы- бізге жол нұсқап, тығырықтан шығудың небір тәсілдерін үйретеді. Ыбырай Алтынсарин :

Бір Аллаға сыйынып,

Кел,балалар,оқылық

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар,-

Десе, Ахмет Байтұрсынов:

Балалар, бұл жолы басы даналыққа,

Келіңдер,түсіп,байқап,қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп.

Соларды көре тұрып қалалық па?!

Даналық – өшпес жарық,кетпес байлық,

Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!,-

деп, бүкіл ғылым-білімнің басы – оқу екенін айтып, оның «өшпес жарық, кетпес байлық» екендігін ұғындырмақ болған.

Ыбырай:

Өнер-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден,

Көзді ашып жұмғанша,

Жалдам хабар алғызды, десе, Ахмет осы «Оқу жайы» деп аталатын мақаласында:

«Осы заманғы жан таңқаларлық нәрсенің бәрі де ,ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызыған,суда балықтай жүздірген ғылым.Дүнианың бір шеті мен бір шетінен шапшаң хабар алғызып тұрған ғылым, отарба, откемелерді жүргізген ғылым»,- Ыбырай сөзін талдап,оны дамыта түседі. Сөйтіп, Торғай облысы мен Қостанай уезінде қаншама қазақ тұратынын, олардағы мектеп санын айтып,оның тым аз екені жанына батады. Қазақ мектептерінде де , оқу ісі жақсы тәртіпке қойылмағанын,Қостанай уезіндегі 132 мектептің 109-ы ауылдық, жалпы қай жерде де қазақ балалары үшін ашылған мектептердің көбі ауылдық екенін, онда оқыған балалар ілгері мектептерге келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайтыны өкінішті екенін жеткізді. « Қазақ балалары тәуірірек оқырлық школдарда қазыналық орын аз,өз күштерімен оқытуға әркімнің шамасы келе бермейді. Екі класты школдар әр уезде бір-екеуден, одан 30-дан артық қазақ баласын алмайды. Орта һәм жоғары школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында. Әр облыстың қазақтары үшін университет,институттарда 2-3 тен артық орын жоқ. Бұрынғы ашылған орындар әртүрлі сылтаумен кеміген. Сөйтіп, тәуірірек оқитын орындардың қазағы үшін есігі бекіп, жолы жабылған» [// «Қазақ», 21 апрель,1913].

Ыбырай Алтынсарин Торғайда, Ырғызда, Ақтөбеде, Троицкіде , Қостанайда мектептер ашса, Ахмет Байтұрсынов жалпы қазаққа мектеп болды деуге болады. Сонымен қатар жаңа мектептер ашудың жолдарын көрсетті. « Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 14 нөмірінде: «Школдар ашуға үкіметтің шамасының келмейтіндігі анықталып отыр,үкімет 2116 кісінің ғана расходын көтермекші, ал балаларды тегіс оқытуға 20000-нан артық кісі керек. Сондықтан бір ауылнай не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша,

кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салықты оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жарағына (жұмсауға) міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдермен договор жасап, школ ашу керек. Ол школдардың жанынан интернаттар ашу керек», - деп жазды.

Ыбырай қазақ балаларына арнап тұңғыш «Қазақ хрестоматиясын» (1879 жыл) құрастырушы. («Қырғыз хрестоматиясы» деп аталған – С.О.) Бұл қазақтың алғашқы оқулығының шығуы, халқымыздың өміріндегі тарихи оқиға еді. Кейін сол 1879 жылы оның «Қырғыздарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» деген кітабы жарық көрді.

Ыбырай бастаған игі істі одан кейін Ахмет жалғастырды. «Оқу құралы» (1 кітап, 1912), «Қазақша оқу жайынан», «Баяншы», «Сауат ашқыш», «Жылқылау, айырыңқы әдіс», «Қай әдіс жақсы», «Өліп-би» тағы да басқа оқу-әдістемелік кітаптары соның дәлелі. Бұл кітаптар әлі күнге дейін құнын жоймаған, мектептерде пайдалануға болатын бағалы қазыналар. Бұдан басқа да жазу емлесі, оқу-ағарту, терминология мәселелері туралы мақалалары қанша!

Ыбырай мен Ахмет іс жүзіндегі (практик) ағартушылар. Екеуі де ауызбен айтып, жазып қана қоймай, мектепте өздері сабақ берген. Сондықтан да олар мектеп қажетін жақсы біледі.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» жазған кіріспесінде «Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған» бір де кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан, көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан.. татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен, араб, парсы сөздеріне лық толған; ол сондықтан сауатсыз қазақтарға түсініксіз», - деп жазса Ахмет Байтұрсынов «Оқыту жайынан» [Қазақ, 11, 21 сәуір, 1912] деген мақаласында «Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы, кітаптар жоқ. Ноғайша (Торғай қазақтары бұрын татарды ноғай дейтін – С.О.) оқу құралдары қазаққа үйлеспейді», - дейді.

Ахмет «Әдебиет танытқыш» (Ташкент, 1926) атты еңбегінде де шығарма талдағанда Ыбырай өлеңдері мен әңгімелерінен мысалдар келдіреді:

Үміт еткен көзімнің нұры, балам,
Жаныңа жәрдем берсін құдай тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сөйтіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл бөлсең, басыларсың.
Ата-анаңды өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң аһ ұрарсың.

Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

Бұл Ыбырайдың «Балғожа бидің баласына жазған хаты» деген өлеңі екенін қазір екінің бірі білсе керек.

Осы сияқты Ыбырайдың «Жәнібек батыр» атты әңгімесін де мысалға келтіріп, «Мазмұн түрінің аралас келетін шығарма мысалы жоғарыдағы «Жәнібек батыр» деген сөз» деп анықтама береді.

Ахмет Ыбырайдың «Қайырымды түлкі», «Егіннің бастары» мысалдарын әрі қарай жалғастырушы.

Бұл – қалай да халыққа жетсін, оқысын, түсінсін, оянсын дегеннен туындаған іс. Мәселен Ахмет Ыбырайдың «Қайырымды түлкісін» (12 шумақ) сол қалпында ала отырып, оған өз жанынан:

Жеп қойды құстың жетім балапанын,
Қорықпай-ақ обалынан Түлкі залым.
Қарасаң, ел ішінде аз ба адамдар
Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?
Пана боп, өзін сақта, құдіретім,
Кімде-кім балапандай қалса жетім.
Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың

Ете көр жетімдерден аулақ бетін,- деген екі шумақ қосып, мысалдың неге жазылып, нені мезгеп отырғанын халыққа түсіндіреді.

Жеті шумақ «Қарға мен түлкі» мысалын Ыбырай И.Крыловтан жеті шумақ етіп қазақшаласа, Ахмет он екі шумақ етіп қазақтардың таным-түйсігіне лайықтап қайта жазып шыққан.

Екеуінің де көтерген мәселелері бір болғандықтан, әрі ой-мақсаттары тоғысып жатқаннан кейін сөздері де қабысып, бір-бірін толықтырып тұр.

Қорытындылар

Қазақ халқын ілгері дамыту жолындағы жалынды күрескер - Ы.Алтынсарин. Ол аймақта бастауыш мектептер мен кәсіптік училищелерін ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады.

Ал, Ахмет Байтұрсынұлы терең ойлы оқымысты ғалым, жазушы, ұстаз, қоғам қайраткері. Қазақ тілін ғылыми негізде, ғылыми әдіс тәсілдермен үлкен ғылым саласы ретінде алдымен ұлтымызға, одан соң бүкіл әлемге өз тілімізде паш еткен қазақ халқының мақтанышы. Ғылым мен техника дамып, адамзат қоғамы жаңа ғасырдың табалдырығынан аттағалы бері Ахмет Байтұрсынұлының бірінші, білім – ана тілінде берілуі, екіншіден, халықтың сауатты болуы керектігі болуы туралы әлі де көкейкестілігімен құнды. Бастауыш сыныптарда білім беру туралы айтқан пікірлері 1996 жылдың қыркүйек айында Қазақстан үкіметінің «Қазақстан Республикасының Жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерін даярлаудың мақсатты бағдарламасымен» уақыт алшақтығына қарамай үндестік табуда.

Менің ойымша ендігі міндет – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармалары арқылы оқушыларды еңбекқорлыққа, Отанын сүюге, білімді болуға, шыншыл әділетті болып өсуге баулу;

Ұлт жанашыры – Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын терең меңгерту арқылы оқушыларды елжандылыққа, Отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеу.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1 Оспанұлы С. «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» Қостанай: Шапақ, 2006. – 295 б.
- 2 Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
- 3 Алтынсарин Ы. «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы: Жалын, 1991. – 230 б.
- 4 Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. Алматы: Қазғұрт, 2003. – 236 б.
- 5 Байтұрсынов А. «Ақ жол». Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.



Ахмет Байтұрсынұлы – аудармашы, ғалым

Түйіндеме: Ахмет Байтұрсынұлы - мұндай мұра бүгінгі және келешек ұрпақ үшін ең баға жетпес құндылық болып табылады.

Abstract: Akhmet Baitursynuly - such a legacy is an invaluable value for current and future generations.

Аннотация: Ахмет Байтұрсынұлы - такое наследие является бесценной ценностью для нынешних и будущих поколений.

Ключевые слова: значение, посвященное, актуальное, великое, учитель, духовное.

Keywords: meaning, dedicated, relevant, great, teacher, spiritual.

Кілт сөздер: ұрпақ, өзектілігі, маңызын, ұлы, ұстаз, рухани.

Кіріспе

Биыл елімізде А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған ұлы ұстаздың рухани мұрасын жаңғырту өзекті іс-шаралардың бірі болып отыр. Себебі, мұндай мұра бүгінгі және келешек ұрпақ үшін ең баға жетпес құндылық болып табылады.

Орыс халқының жазушысы М.Горький: «Ғалымның еңбегі – бүкіл адамзаттың игілігі», - деген екен. Шынында, ұлтымыздың ұлы ұстазы, ғалымы, Қазақ жазуының атасы, А.Байтұрсынұлының еңбегі қазақ халқының игілігіне айналып отыр. Өйткені, А.Байтұрсынұлының білім беру саласына арнап жасаған оқулықтары, әдістемелік оқу құралдары осы уақытқа дейін маңызын, өзектілігін жоғалтқан емес. Оның бір дәлелі ретінде бір мысал келтірейін. Белгілі бір себептермен Әліппе оқулығы оқу бағдарламасынан алып тасталған болатын. Сол азғантай уақыттың ішінде бұл біздің еліміздің білім саласындағы ең күрделі де маңызды мәселеге айналды. Ата-аналар мен ұстаздар бұл мәселені шешпейінше дамыл таппады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жұрт назарының қойған талаптарын жүзеге асыру жолында бірнеше авторлық топтар құрып, жаңа «Әліппе» оқулығын дайындаумен айналысуға ұсыныс жасады. Бұл ұсынысты қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов қостай отырып, «Әліппенің» жарық көруіне ат салысты. Асхат Қанатұлы Аймағамбетов Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесін жаңғырту бастамасымен «Әліппе» оқулығы әзірленіп, ортамызға оралды. Бұл оқулық балаларды оқу-жазуға үйрету қызметімен ғана емес, ғасырдан астам тарихымен де қымбат. Сондықтан «Әліппенің» оралуы – бүкіл еліміз үшін ұлттық рухтың жаңғыруы деп санайды [1]. Мұны Ахмет Байтұрсынұлы рухының күші, еңбегінің еленгені, бүкілхалықты қуанышқа бөледі деуге болады.

«Оларда ешқандай логика жоқ. Баспалардың бірі 11 дауыссыз, 11 дауысты әрпі бар нұсқасын алып келіпті. Неліктен, мүмкін басқаша бір әдістеме бар шығар деп сұрай бастасаң – ешкім де түсінікті түрде жауап бере алмайды. Әліппе – тәжірибе жасайтын алаң емес. Бізде баяғыдан – нақты қазақ тіліне бейімделген әдістеме бар. Ол — Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі. Сондықтан, ештеңені ойдан шығармай, осы әдістеменің негізінде жұмыс жүргізетін боламыз», — деді Асхат Аймағамбетов [2].

Нысан және әдістеме

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев әліппені ғылым анасы, әліппеден басталған даналықтың данасы деп, ең жоғары бағалаған. Иә, осындай ең құнды оқулықтың иесі А.Байтұрсынұлы даналықтың данасы дегенде кім дейміз? Әрине, Ахмет Байтұрсынұлы – дана, ағартушы-ғалым, ұлтымыздың ұлы ұстазы. Осындай жетістікке оңайлықпен жеткен жоқ. Көп еңбектенді, көп ізденді. Көштен қалмау үшін қиын да күрделі жолдардан өткені баршамамызға мәлім. Ұлт ұстазының соңына қалдырған мұраларының елеулі бөлігі – оның көркем аудармалары.

Зерттеу нәтижелері

Күн сайын өзгеріліп, өнер артып,
Бәрі де бара жатыр алға таман.

«Заманың түлкі болса, тазы боп шал»-деп, жастарды өнер-білім, ғылым үйренуге, заман ағымына ілесе білуге шақырады. Өзі белгілі бір мысалдарды еркін аударып, өз пікірін айтып, сол кездегі қазақ өмірін өз сөзімен бірнеше шумақ қосып жалғастырады. Мысалы, «Қара бұлт» деген мысалға өз жанынан 18 жол өлең қосады. Мұнда қазақ өміріне қатысты маңызды мәселені айта келіп, оған өз пікірі мен көзқарасын білдіреді.

А.Байтұрсынұлы «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген кіріспесінде аударманың мән-мақсатын былай дейді:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,
Өзірге қолдан келген осы барым
Қанағат азға деген, жоққа сабыр,
Ат тұрмас аяғында желі болса,
Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.

Бар болса сондай жүйрік қуар деймін. Бұл жерде ақын көштен қалмай, дәуір дүбіріне ілесіп, қиындық жағдайларда шығу керектігін айтады.

Міне, А.Байтұрсынұлы осылай заман ағымына сай ілесуді қолға алып, алғаш рет аударма жинақ шығарушылардың көшбасшысы болды. Ахмет Байтұрсынұлы аударма арқылы орыстың классикалық жазушысы И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, өз жанынан өлең жолдарын қосып, ақын ретінде танылды.

Қорытындылар

Мысалдарды аударудың тағы бір себебі, қазақ халқы қашан да астарлы сөзді, тұспалды мысалды іліп-қағып айтуды ұнатады және оның астарын жақсы түсінеді және қазақ елінің жетесіне жеткізіп айтатын оңтайлы тәсіл деп санаған. Мысалы, мектептегі орта буын оқушыларының өзі аударма-мысалдарының мазмұнын қазіргі өмірмен оңай байланыстыра алады. Жұмбақтаған, тұспалдаған мысалдағы өлең жолдарының мағынасын жақсы түсінеді. Өйткені, Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің өзектілігі аудармадағы мысалдар шынайы өмірден алынғандығы болып табылады. Тағы бір ерекшелігі И.Крыловтың қырық мысалы қазіргі заманда орыс тілінен қазақшаға аударылса, оның ішінде кем дегенде орыстың қырық сөзі кездесе, еш таңғалмаған болар едік. Ал Ахмет Байтұрсынов бар болғаны аударылмай алынған екі-ақ сөз, дәлірек айтқанда, бір-ақ сөз кездеседі. Сондықтан да Мұхтар Әуезов «Қырық мысалды» «қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағалаған еді [3].

Өз ұлтының келешегі үшін өз өмірін құрбан еткен, қазақ жұртын алаңсыз ұйқыдан оятқан ұлы ұстаздың әр туындысы жоғары бағаға ие болып отыр.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің бар ғұмырын өз ұлтының білім мен ғылымының дамуына зор үлес қосқан тұлғалардың бірі. Соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы білім-ғылым саласындағы еңбегі жанған, оқу-ағарту идеясы жүзеге асқан, арманы орындалған ұлы ғалым деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1) А.Байтұрсынұлы. «Тіл тағылымы» — Алматы, 1992.
- 2) А.Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. 34-б.).
- 3) Аягүл МИРАЗОВА /bilimdinews.kz/?p=165460
- 4) kazbilim.kz/?p=7899



МРНТИ 16.21

Г.Д. Жандарбекова, Есеп және қаржы кафедрасы,
оқытушы, экономика ғылымдарының магистрі¹

М.С. Федотова, Тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалыс және
көлікті пайдалану мамандығының 1 курс студенті

¹М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті

Ұлттың ұлы ұстазы

Аңдатпа: Мақалада ұлт ұстазы болған Ахаңның ғұмыр жолы мен ұстаздық жолда атқарған игі істері баяндалады. Оның білім жолында, ізгілік жолында жазған еңбектері бүгінгі күнге дейін өз күшін жойған емес. Ұлт мақтаншы болған Ахаңдай кемеңгер бүгінгі күннің айшықты тұлғасы.

Аннотация: В статье рассказывается о жизненном пути Ахана, который был учителем нации, и о добрых делах, которые он проделал на пути своего учителя. Его труды на пути познания, на пути добра не утратили своей силы и по сей день. Гордостью нации является выдающаяся личность сегодняшнего дня.

Annotation: The article tells about the life path of Ahan, who was a teacher of the nation, and about the good deeds that he did on the path of his teacher. His works on the path of knowledge, on the path of goodness have not lost their power to this day. The pride of the nation is an outstanding personality of today.

Тірек сөздер: ұстаз, ағартушылық, дерек, әдістеме, тәжірибе, ойшыл, әдебиеттанушы, қоғам, қайраткер, саясаткер, жасампаз, ізденуші, ғалым, халық, өркениет, сауаттылық, ұлттық, зиялы, қасиет, қорғаушы, мәдениет.

Ключевые слова: учитель, просвещение, источник, методика, опыт, мыслитель, литературовед, общество, деятель, политик, созидатель, соискатель, ученый, народ, цивилизация, грамотность, нация, интеллигенция, черта, защитник, культура.

Keywords: teacher, enlightenment, source, methodology, experience, thinker, literary critic, society, activist, politician, creator, applicant, scientist, people, civilization, literacy, nation, intelligentsia, trait, defender, culture.

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлының есімі барша қазақ даласына белгілі болғанымен, оның өмір жолы мен шығармашылығы, ағартушылық ісі туралы біле бермейтіні белгілі. Осы тұста, ақынның еңбектері мен ұстаздық тағылымы туралы баяндайтын боламыз. Ұлы ұстаздың ұлағатты есімі ұлт жадында. Оны қазақ даласының «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп аталатын атақты адамдарына жатқызуға болады [1, 768]. Ол талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Ол энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам. Ахаң өзін қоршаған дүйім жұртты өзінің таусылмайтын қуатымен терең мағыналы тіршілігімен тарта білді. Ахмет Байтұрсынұлының сан қилы оқиғаға толы өмірі бүгінгі күні де адамдарды таңғалдырады және өмір сүруге, жасампаздыққа деген ұмтылысын оятады [2, 256].

Объект және әдістемесі

Халқымыздың өмірінде және бүкіл Еуразия кеңістігінде болып жатқан «өзгерістер дәуірінің» драмалық оқиғаларына қарамастан, ол әрқашан ең өзекті әлеуметтік проблемалардың басында жүрді. Сонымен қатар, оның қоғамдық өмірге ат салысуындағы әрекетін өте дәйекті және мұқият деп айта аламыз. Ахаң басы қасында болған жобалардың әрқайсысын кемелдіктің шекті деңгейіне жеткізді. Қазақтың Ахметі халқы үшін, - «түнгі аспанның төрінде жарқырап тұрған шоқ жұлдыз!» [3, 382].

Ахаңның өміріндегі ең маңызды істер қатарына үш ірі бастамасын жатқызуға болады: Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірлесе отырып, өз заманы мен бүкіл қазақ халқы үшін тұтас ұлттың сауаты мен білім айнасына айналған «Қазақ» газетін басып шығару; Араб графикасын қолдану арқылы «Төте жазу» жасау және «Алаш-Орда» үкіметінің қызметіне қатысу. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының өмірінде өзге де айтулы оқиғалар болды, алайда дәл осы оқиғалар қазақ халқының өмірінде терең із қалдырды, оны өз елінің көрнекті ұлы етті, оның тәуелсіздігі туралы арманын асқақ етті.

Зерттеу нәтижелері

«Қазақ» газетінде сол кездегі қайта өркендеген қазақ қоғамы үшін танымның кең көкжиегін ашқан мазмұны терең және тақырып бойынша алуан түрлі материалдар басылып шықты. Осы басылымның арқасында қазақтар қазіргі өркениетті ұлттың қалыптасуы жолында өте маңызды қадам жасады деп айтуға болады [4, 388].

Дәстүрлі көшпелі қазақтың «ұзын құлағы» осы газеттің арқасында ақпарат беру құралынан ұлтты тәрбиелеу және кеңінен ағарту құралына айналды. Қазақ зиялыларының айтуынша, бұл белгі қазақтар арасында Еуропалық ғылым мен өнердің таралуын, «Қазақ» газетінің қазақ халқы үшін мәдениеттің терезесіне айналуын және өзгелердің зиянынан қорғаушысы болу ниетін білдірді [5, 5].

Қортынды

Екінші дүниежүзілік соғыстың батыры Бауыржан Момышұлы Қазақ тілі туралы былай деп жазады: «біздің ана тіліміз – біздің халықтық қадір-қасиетіміз бен мемлекеттілігіміздің мәні, тот баспайтын өзегі. Ана сүтімен сіңірген ана тілімізді білмеу - барлық ата-бабаларымызды, бүкіл тарихымызды ұмыту дегенді білдіреді».

Біздің кім екенімізді, қайдан шыққанымызды, ана тіліміздің қай тілі екенін және осындай жаңа Тәуелсіз Қазақстандағы әл-ауқатымыз қандай тұлғалардың арқасында екенін мәңгі есте сақтауымыз шарт.

Қорытай айтқанда, ұлт ұстазының оқу қақында жазған әрбір еңбегін оқыған адам, сол кездегі жүйе мен оқытушылықтың бастауын түсінеді. Сонымен қатар өзі ағартушылықпен айналыса отыра, білімділердің қайда баратындығын, оның шыңы биікте екендігін жеткізген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Kazakhstan tarihy (kone zamannan buginge deiny). Bes tomduk. 3-tom. — Almaty: «Atamura», 2002. — 768 b.
2. Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. — Almaty «Atatek» 1995- 256 b.
3. Imahanbet R.S. Ahmet Baitursynuli: gumirbaiandyk derekter. «Alashtyn ahmety»: 2013.-382 b.
4. Omarbekov T., Omarbekov III. Kazakhstan tarihuna zhane tarihnamasyna ulttyk kozkaras. Almaty: Kazakh universiteti, 2004.-388 b.
5. Nurpeuisylu K. Gasyr basundagi ulttyk intelligensia // Egemen Kazakhstan. 1997 zh. 5 zheltoksan. –5 b.



MRNTI 16.41.99

V.V.Ostryanina, Undergraduate student of specialty

“Foreign Language: Two Foreign Languages”, Philology Department ¹

¹Kostanay Regional University named after A.Baitursynov

Kostanay, Kazakhstan

Specific techniques for conducting «Democratic» foreign language lessons

Abstract. The article presents a democratic learning process, and the position of a teacher should be replaced by a role suitable for this form of learning. Democratic education was the most diverse, it should be perceived as a dialogue between students and teachers. In addition, be aware that the basis of this democratic learning in this class.

Түйіндемe. Мақалада демократиялық оқыту үрдісі берілген, мұғалімнің орнын оқытудың осы түріне лайықты рөлге ауыстыру керек. Демократиялық білім беру барынша жан-жақты болды, оны студенттер мен мұғалімдер арасындағы диалог ретінде қабылдау керек. Сонымен қатар, осы сыныпта осы демократиялық оқытудың негізі екенін ескеріңіз.

Аннотация. В статье представлен демократичный учебный процесс, и должность учителя должна быть заменена ролью, подходящей для этой формы обучения. Чтобы, демократическое образование было успешным, оно должно восприниматься и осуществляться как диалог между учениками и учителями. Кроме того, учитывая принципы, на которых основано демократическое обучение в классе.

Ключевые слова: демократические уроки, демократия, равное образование, образование, демократические принципы обучения.

Key words: democratic lessons, democracy, equal education, education, democratic learning principles.

Кілт сөздер: демократиялық сабақтар, демократия, тең білім, білім, демократиялық оқыту принциптері.

Introduction

Education is a significant part of our lives as we spend considerable time studying and developing our skills to become a better version of ourselves. The start point is the school where children come to be prepared to become full-fledged citizens of society. Therefore, the school should provide the environment for developing children in all aspects of life because it offers knowledge and social surroundings.

Thinking critically, committing to things every person likes and needs, or making decisions are essential. Therefore, children need to learn these, not to mention everyday necessities such as writing, reading, and speaking. That is why democratic classroom learning must become one of the primary sources of these abilities because democratic classroom management is the key to improving students' self-assurance and capacity to make their own decisions according to their personal needs, purposes and urges.

Nevertheless, children should know their rights as citizens since they need to have skills and dispositions to participate in their communities after leaving school. Furthermore, it will be much more challenging to do this without a particular environment.

The relevance is determined by its great importance in modern teaching methods, not to teach children according to the pattern that was before and sometimes is present now, where teachers' centre approach is fundamental. In other words, teachers have more power and control over each learner to listen and do what the teachers require. First, however, we need to create a classroom learning where children can feel safe and equal as individuals.

The democratic principle in education is a distinguishing feature of the genesis of each person's rights and expressions that influence the operations of various power structures. An examination of the present world reveals that only acceptable dynamic, evolving forms of sustainability are considered, which is impossible to achieve without people's independent thought. The formation of beneficial social and political change are such crucial circumstances. At the same time, sensitivity to information freedom is attributed to informational and engaged people who experience their democracy.

According to the principle under consideration, educational activities should be organized in such a way that they:

- provide free access to any information of interest to each participant in the activity;
- contribute to the formation of participants' skills to navigate the flow of various information and choose the necessary one;
- contribute to the formation of participants' skills to analyze and evaluate incoming information, and ensure genuine equality of all participants;
- allow each person to stick to their viewpoints rather than ones forced from beyond;
- establish opportunities for each person to develop their activity plan and techniques;
- participants' autonomy as sovereign, initiative, and self-organizing individuals

The traditional and autocratic role of the instructor must be replaced with a role that is appropriate for this type of learning. Moreover, democratic teaching must be viewed and implemented as a conversation between students and instructors to succeed. It is not sufficient to arrange instruction democratically. It is necessary to examine and analyze what is taught and how it is taught. On the other hand, teacher education and development are at the heart of every educational transformation. Teachers, for example, are better equipped to teach democratic ways if they have had a democratic teacher education.

Democratic concepts such as equality, freedom, and justice are taught in schools. Educators, regardless of subject matter, play a crucial part in this complicated endeavour since they are the ones who decide what will be taught and how it will be taught in connection to democratic education. Teachers' educational ideas, thoughts, and decisions form an essential element of the psychological backdrop of the educational process. Educators should show respect for children by involving them in decision-making and trusting them to research topics, talk, establish an opinion, discuss, and provide ways for resolving disagreements and achieving reasonable goals. This interactive experience is compelling for youngsters since it teaches them that involvement is well worth the effort. Teachers consider their interactions with students and their teaching decisions and behaviours.

The offered range of meanings of the democratic principle enables us to create the following criteria, based on which a classification and quality rating may be formed.

1. The actuality of unfettered access to any information of interest to the activity's participant.
2. The development of the participants' abilities to navigate the flow of varied information and select the essential one.
3. Participants who have the capacity to assess and evaluate incoming information.
4. The fact that all participants in educational activities are equal.
5. Each participant in educational activities is encouraged to have an active personal life and a professional position.
6. The actuality of settings is suitable for the revelation of all participants' skills in educational activities and their active growth.
7. All participants in educational activities must disclose and actively enhance their talents.
8. The lack of pedagogical repression of the participants' personalities and the possibility for each participant to adhere to individually desired, rather than forced from outside perspectives.
9. The reality of the settings allows each participant to develop their activity plan and methods.
10. The actuality of participants' autonomy as sovereign, entrepreneurial, and self-organizing individuals.
11. The ability of participants in educational activities to choose their own goals, material, sources, formats, techniques, and means and evaluate their outcomes.
12. There are no limits on information sharing, analysis, conversations, or dialogues for participants in educational activities.
13. It is making decisions during educational events while considering the many points of view of its participants.

There are several ways to democratize education that international and local educators have addressed in their works. However, John Dewey is credited with developing the first coherent theory of democratic learning. The experience of democratic life, in his opinion, has a specific function in the creation of a citizen, and because "a school is a democratic society in microcosm," it should become a "laboratory of democracy." In his book "Democracy and Education," he explicitly linked educational material to a particular form of democracy, where everything should be based on comparison and analysis. John J. Patrick, an Indiana State University Bloomington professor, feels that "...A realistic and responsible approach to teaching democracy is teaching it in a worldwide and international context, with comparison as the primary teaching and learning technique, including analysis and assessment..." Educators differentiate three approaches: disciplinary, activity-based, and competency-based, according to I.D. Frumin, there are two approaches: disciplinary and activity.

At the same time as the disciplinary method emphasizes knowledge, the activity approach includes pupils participating in democratic activities (primarily through school self-government). The activity's focus is consistent with the competence-based approach. According to V.N. Bolotov and V.V. Serikov, "the competence-based approach emphasizes not the student's awareness, but the student's capacity to handle difficulties. The student must define the task, construct and assess new

experiences, and reflect on and regulate the success of their judgments. As a result, the procedure's name that assures competence formation – project"

The competence-based approach to teaching is a relatively new phenomenon in education. It has only just begun to take root in educational practice. This technique has several advantages, including the move from information transmission to knowledge growth and application in practice, a strong desire for learning, and personality-oriented education. He does not deny knowledge; instead, he attempts to communicate information in a way that leads to personal self-realization. Many instructors, however, may find it difficult to embrace this approach because it requires the teacher to be prepared to apply the educational process in a completely new way - through the introduction of learning tasks-situations that the student will handle with the teacher's assistance. Authors of new textbooks and instructional aids who can deliver educational content in learning challenges and circumstances without demeaning the knowledge component are also needed. V.N. Bolotov and V.V. Serikov suggest cohabitation rather than replacing one paradigm with another. Time will tell how far the competence-based approach can be implemented in post-soviet education. If the following criteria are satisfied, these concepts, approaches, and methods will have a better reaction to instructors' actions. The educational heritage is encyclopedic, with a strong focus on knowledge. The present fight against excessive encyclopedism and knowledge overload in educational materials is natural and justified. At the same time, one should not unduly diminish knowledge or deplete educational content with lightweight and shallow information. Learning is lacking a solid knowledge component will not be practical with teachers and will be in short supply. The subject or discipline approach works well with the activity approach. If, within the context of the topic, emphasis is placed on active teaching techniques, motivation, intellectual abilities, values, and the application of gained information in practice, the required balance in the development of civic competencies will be reached. All of the ways outlined above are carried out through educational activities and extracurricular educational activities, and they frequently complement one another. It is traditionally classified into various models.

The subject is on the transmission of information to the next generation and the development of civic skills through the study of many disciplines such as civics, social studies, social science, law, sociology, and so on. This may also be done in history, literature, foreign language, and other subjects. Students gain not only information but also a variety of abilities, techniques of engagement, and democratic value orientations. However, it is done within the context of the subject. The efficacy of this civic education model rises when interdisciplinary linkages are established, instructors' actions from various academic fields are coordinated, and teachers use active and participatory teaching approaches. Most civics and social studies courses and textbooks in post –soviet area follow this format. This paradigm is being developed in France, where a curriculum called "civics" teaches about democracy, democratic institutions, and human rights.

Governmental Priority is given to creating a democratic atmosphere in the school, developing democratic relationships among all participants in the educational process, and establishing a legal space. Civic education courses are only a minor portion of the more extensive school organization system; the most significant components are school self-government bodies. The primary goal is to establish an effective system of school self-government.

Project Involves the conception and implementation of social and other projects by kids to identify, analyze, and fix a specific social problem. Students' project activity entails self-organization and active work on selecting a specific problem, its investigation, and the creation of solutions. When a democratic environment is created in the school (institutional model), a civics course is taught that gives students civic knowledge and the ability to apply it in practice (subject model). Moreover, social projects are implemented to study the local community's problems and search for their decisions (subject model), and the optimal combination of different models and approaches is achieved (design model). To some extent, most schools use the ideas given above. However, we can only talk about the school as an open democratic system if we discuss an integrated approach to democracy implementation - through the lesson and instructional activities, school management, and creating democratic relationships.

References

1. Commonwealth Department of Education, Science and Training, *Discovering Democratic Values: Teaching and Learning Civic Values*, Canberra, 2005.
2. Dewey, John, 'School and Society', in Martin Dworkin, Ed, *Dewey on Education* New York: Teachers College Press, 1959, pp 76–8.
3. Freiberg, H Jerome, 'From Tourists to Citizens in the Classroom' in *Creating a Climate for Learning*, Volume 54, Number 1, September 2016, pp 32–6.
4. Holdsworth, R, Walsh, L, *Civics and Citizenship Education: Extended Professional Development Program, Stage 2, 2010–2019*, Commonwealth Department of Education, Science and Training, Canberra, 2019.
5. Holdsworth, R, *Student Action Teams: Implementing Productive Practices in Primary and Secondary School Classrooms*, http://asprinworld.com/student_action_teams.
6. Liddicoat AJ, Papademetre, L, Scarino, A & Kohler, M 2019, *Report on Intercultural Language Learning*, Canberra: DEST.
7. Murdoch, Kath and Wilson, Jeni, *How to Succeed with Creating a Learning Community*, Curriculum Corporation, Carlton South, 2020, pp 15–6.
8. Paul, Richard, *Critical Thinking: How to Prepare Students for a Rapidly Changing World*, Sonoma State University: California, 2018, pp 341–42.
9. Torney-Purta, J, Schwille, J & Amadeo, J, *Citizenship and Education in Twenty-eight Countries: Civic Knowledge and Engagement at Age Fourteen (Executive Summary)*, International Association for the Evaluation of Educational Achievement, Amsterdam, The Netherlands, 2019, p 8.



МРНТИ 17.01.29

Е.М. Исмаилов, ВТ-21-2 тобының студенті,
Инновациялық технологиялар факультеті¹;
Қ.М. Хамзина, «Қазақ тілі және мәдениеті»
кафедрасының оқытушысы, доцент, ф.ғ.к.²

^{1,2} Ә.С. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

Төл әдебиетіміздің қайраткері – Ахмет Байтұрсынов

Түйіндеме. Мақалада ғылыми іздену негіздері мен қаламгер қолтаңбасы, шеберлік нақыштары, стильдік даралығы талқыланды. Зерттеу барысында мазмұн мен пішін, көркемдік тәсілдер, тарихи шындық пен көркемдік шешім т.б. мәселелерге баса назар аударылды. А.Байтұрсыновтың қазақ әдебиетіндегі алатын орны және қалдырған мұрасы, жалпы еңбектері жайлы айтылған.

Аннотация. В статье рассматриваются основы научного поиска и авторская стилистическая индивидуальность. Исследование включает в себя содержание и форму, художественные подходы, историческую правду и художественные решения и др. Рассказывается о роли А.Байтұрсынова в казахской литературе и его наследии, его произведениях.

Abstract. The article discusses the basics of scientific research and the author's stylistic individuality. The study includes content and form, artistic approaches, historical truth and artistic solutions, etc. It tells about the role of A.Baitursynov in Kazakh literature and his heritage, his works.

Түйінсөздер. Автор, әдебиет, ақын, зерттеу, оқулық, еңбек талдау.

Ключевые слова. Автор, литература, поэт, исследование, учебник, анализ труда.

Key words. Author, literature, poet, research, textbook, labor analysis.

Кіріспе

Ұлт атымыз өшпесін десек, қазақ әдебиеті мен тілін өркендетуді қолға алу керек деп ойлайды. Бұл ойын іске асыру мақсатында ең бірінші қазақ балаларына ана тілінде сауат ашатын әліппе «Оқу құралы» деген атпен жазып, басып шығарады. Кейін Ахмет Байтұрсынов мектеп оқушыларына ғана емес, сонымен қатар ересек адамдардың сауатын ашуға арналған «Әліп-би», мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын «Тіл – құрал» оқулығы қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеген еңбегін басып шығарады. Жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласында да айтарлықтай еңбек етті. Өткен ғасырдың II жартысында халық ауыз әдебиетін жинап, 1923 жылы «Ер Сайын» жырын, 1926 жылы «23 жоқтау» атты жинағы жарық көрді. Бұл да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері.

Зерттеу нәтижелері

XX ғасырдың басындағы әдебиет дегенімізде бірінші репрессияға ұшыраған қазақ зиялылары еске оралады. Тұтастай буынның төлбасы, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ғалым, әдебиет зерттеуші, тілші, түрколог, дарынды ақын-аудармашы, табиғатынан аса дарынды туған ұлтжанды тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте халық жүрегіне қозғау сала білген ақын арманы – «адамдық диханшысы» болып еліне қызмет ету. Ұлттың ұлы ұстазы 1895-1909 жылдар арасында Ахмет Байтұрсынов Ақтөбе, Қарқаралы, Қостанай уездеріндегі ауылдық, болыстық және екі сыныптық училищеде бала оқытқан болатын. Осы кезде қазақ жеріне орыс шаруаларының көшіп келуі көбейген-ді. Яғни осы уақыттан бастап жергілікті қазақ халқының тілін, мәдениетін, елдігін сақтап қалу жағдайы туындайды. Тіл құрыса, халық та құритыны анық.

Бүгінде Отанымыздың тарихын жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, діліміздің, рухани мұраларымыздың тамырын терең тануға кіріскен уақыттамыз. Осы тұрғыдан алғанда, халқымыздың ғылымын өркендетуге, білімі мен әдебиетін дамытуға өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлаған алыптардың тарихымыздан ойып орын алатындығы сөзсіз.

Ал қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, басты терминдері мен категориялары қалыптастырылған әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және тұжырымды еңбегі – «Әдебиет танытқыш» болып табылады. Бұл еңбек Ахмет Байтұрсыновтың әдебиетшілік көзқарасын, сыншылдық келбетін толық танытатын еңбек. Жалпы айтатын болсақ ойдың тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қажетті және ешқашан маңызы жойылмайтын құнды кітап. Қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі алғаш рет осы кітапта жасалған. Сонымен қатар ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Батырлар жырының азайып бара жатқанын, бірте-бірте өлең түрінен айырылып, ертегіге айналатынын, рухы жоғалып бара жатқанын ескертіп, сондықтан жыршылар жоғалмай тұрғанда батырлар жырын жазып алуды ел ішіндегі азаматтардың халық алдындағы борышы деп көрсетеді. Мәселен, «Қарақыпшақ Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар» қазақ арасында көп айтылатын жырлар ретінде көрсетіледі.

1913 жылы «Қазақтың» тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазған: «... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс мектебі мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып,

өркендететін уақытымыз жетті» деген екен. Ұйқыдан оятар қаруы-өлең сөз деп түсінген ол өзінің ағартушылық, демократтық ойларын халқына поэзия тілімен жеткізуді қолға алды. 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет жарияланған «Масаға» енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан. И.А.Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Мысалдарда әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар береді. Кісілердің мінезі, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сөздерді Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Кейде ашық, дәл айтылатын ойлардың да кездесетіні сөзсіз.

Ахмет Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928ж. «Жаңа мектеп» журналының 8-санында жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың «Үйрету әдістері туралы» деген еңбегіне талдау жасай отырып, «әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» деп ойын тұжырымдайды. Ахмет Байтұрсынов мұғалімдерді педучилищелер ашып арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. Олардың білімін жетілдіру үшін жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курс ашуды ұсынады. Міне, осындай бастамалардың арқасында Қазақ даласында ағартушылықтың бастамасы тамырын жайды десек, қателеспеспіз.

Қорытынды. Ахмет Байтұрсынов қалдырған рухани мұраны толық игеріп, сол уақыттағы туған ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек. Ол шын мәнінде нағыз демократтық поэзияның негізін қалаушы болып табылады. «Байтұрсыновшыл» болу – бүгінгі қазақ зиялысының алдында тұрған басты міндет екенін естен шығармау қажет.

«Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей, Ахмет Байтұрсынов абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, Қазақ елі қазірде өркениетті елдер қатарына қосылып, мәдениеті жоғары дәрежеде дамуда. Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Сондықтан Ахмет Байтұрсыновты Қазақ елінің Ұлы педагогы ретінде тануымыз, оның еңбектерін сақтап, қолданып, ұмытпауымыздың түпкі негізінде үлкен құрмет, «Елім!» деген азаматтың атын асқақтату, абыройын көтеру мәселелері жатыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда – Ташкент, 1923 ж;
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, әдеби зерттеу. Алматы: Жалын 1991 ж;
3. Ер Сайын. Жырлаушылар аузынан алып, өндеп өткеруші Байтұрсынұлы Ахмет. М., 1923 ж.



Б. Сапарғали, Т. Ансаганов, 10 топ «М/І» студенттері¹
К.Е. Жумабаева, М.А. Мухамеджанова,
жалпы гуманитарлық пәндер оқытушылары¹
¹Қостанай жоғары медициналық колледжі

Ахмет – ұлы тұлға

Түйіндеме: Ахмет Байтұсынұлының қалдырған туындылары әлі де білім саласына өз үлесін қоса бермек.

Анотация: Произведения Ахмета Байтұсынұлы по-прежнему вносят свой вклад в образование.

Abstract: the works of Akhmet Baitusunuly will continue to contribute to the field of Education.

Түйінсөздер: Ұлы тұлға, ұстаз, туған өлке, құнды мұра, алмастырылмасалтын.

Ключевые слова: Великий человек, учитель, родной край, ценное наследие, незаменимое золото.

Key words: Great person, teacher, native land, valuable heritage, irreplaceable gold.

Өзектілігі

Біз қазақ жастары Ахмет қазақтың тұңғыш Әліппесі мен ана тілі, әдебиет оқулықтарының авторы екенін, қазақ тілі грамматикасындағы сан алуан лингвистикалық терминдердің авторы екенін білгеніміз жөн. Қазіргі ғалымдар пікіріне қарасақ, Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру елімізге саяси жағынан да, ғылым-білім тұрғысынан да, заман талабына сай даму үшін де өте маңызды. Сондай-ақ, бұл шараның қазақ тілінің дамуына, қолданысының кеңеюіне қосар үлесі де қомақты болмақ деп ойлаймын.

Мәселе: Ахмет Байтұрсынұлы аңсаған егемендіктің құны мен қадірін бағалауымыз, ары қарай дамытуымыз керек! Олар бастап беріп кеткен түбегейлі жаңаруды заман талабына сай дамытуға міндеттіміз.

Жұмыс мақсаты: Менің таңдаған ғылыми жұмысымның тақырыбы Ахмет – ұлы тұлға. Бұл тақырыпты зерттегендегі негізгі мақсатым Ахмет шығармаларын терең қарай отырып, ақынды жан-жақ қырынан танып, білу.

Міндеттері: Тақырыбымның мақсаты негізгі жоспарға сәйкес төмендегі зерттеу міндеттерімен толықтырылып, айқындалды.

Ғылыми жобаны зерттеуде алдын ала ойластырған зерттеу әдістері белгілі бір мақсатқа негізделіп, әр тақырыпшаларды қарастыруда төмендегідей зерттеу әдістері көзделді:

1. Ақынның өскен ортасы туралы материалдар жинау.
2. Ақын шығармаларын жан-жақты талдау.
3. Мысалмен айтылған ойларды дәлелдеу.

Зерттеу нәтижесі: Біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында жеткізу – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкей тесті мәселе деп білеміз.

Кіріспе: Ахмет Байтұрсынұлының кім екенін барлық қазақ білуі тиіс. Себебі, қазақ ұлтының мәдениетінің жойылмауына негізгі фактор болған, қазақ грамматикасы бойынша кітаптар мен ережелер құраған дәл осы Ахмет атамыз еді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан еліміздің ұлы болып кеткен, қазақ әліпбиін шығарып оны тереңірек дамытқан, фонетика, синтаксис, этимология кітаптарының авторы, ақын-ағартушы, аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов. Оның қалам алды шығармашылығына «Әліппе», «Оқу құралы», «Тіл білімі», «Әдеби анықтамалық», «Қазақ әдебиетінің тарихы» және т.б. Өткен тарихымызды нақты қорытудың бірден-бір амалдарының бірі жас келең ұрпаққа оны өзгертусіз нақты жеткізу. Сол себептен халқымыздың болашағы үшін күресіп, күрделі, әрі қауіпті жолда, тіптен өз жандарын беруге дайын болған зиягерлеріміздің жолдары туралы білу қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сол зиягерлердің бірі, ақын, публицист, аудармашы, қазақ әліпбиінің және тілінің дамуына әсер еткен Ахмет Байтұрсынұлына тоқтала кетсек. Ахмет Байтұрсынұлының

кім екенің барлық қазақ білуі тиіс. Себебі, қазақ ұлтының мәдениетінің жойылмауына негізгі фактор болған, қазақ грамматикасы бойынша кітаптар мен ережелер құраған дәл осы Ахмет атамыз еді.

Ұлы Жыланшықтың Ақкөлге құяр сағасында сары алтындай сап-сары дала көзге анадайдан «Мен, мұңдалап» тұрады. Ол жер: Ұлы Ахмет данамыздың дүние есігін ашқан туған жері — «Сарытүбек» болатын.

Ахмет Байтұрсынұлына арнап өткізілген сауалнама. Ахмет атамыз жайлы Қостанай жоғары медициналық колледжінің студенттері арасында біз сауалнама өткіздік. Сауалнама мақсаты: Қанатын көкке жайып өз даңқын барлық әлемге жеткішізе білген Ахмет атамыз жайлы студенттеріміз не біледі? Осы сұраққа жауап алу. Сауалнама барысы: Барлығы 91 студентпен жұмыс жасадық. алдымен әрбір студентке Ахмет атамыздың портретін көрсетіп не білетінің сұрадық. Нәтижесінде ортақ статистика құрап диаграмма бетіне түсірдік. Сауалнама қорытындысы: Қанша студенттеріміздің Ахмет атамыз жайлы білетінің түсіндік. Білмейтіндерге жәрдем беріп, білетіндерден қызық деректер сұрадық. (Қосымша №10 диаграмма)

Ұлт ұстазынан қалған жәдігер

Ғасыр басында ұлт тағдыры мен елжандылық мақсаттың жалауын желбірете сахараға еркіндік пен бостандық рухын сепкен құбылысқа айналған Алаш қозғалысының белсенді көсемі, қазақ мерзімді баспасөзінің қарлығаштарының бірі «қазақ» газетін ашушы редактор, республикалық ағарту ісінің халық комиссары, Бүкілодақтық атқару комитетінің мүшесі, Қазақстан академиялық орталығының басшысы, Алматы, Ташкенттегі жоғары оқу орындарының профессоры қызметтерін атқарып жүргенде де, сонау алыстағы Ұлы Жыланшық өзенінің бойындағы Сарытүбекті, ондағы кіндік кескен қараша үйін аңсаған шығар, кім білсін?

Елінің көсегесі көгеруін ойлағаны үшін тар жол, тайғақ кешулерді басынан өткізіп, Сарытүбектегі қоңыр үйін бір көруге зар болды ғой. Халық әні деп айтылып жүрген алтын қордың мұрасы (Ахметтің әндері) «Екі жирен», «Қарғаш», «Аққұм» әндері де туған жерді аңсаудан туған болар.

Ақкөл мен Ахмет ауылдарының дәл орта тұсындағы Сарытүбектегі (екі ауылға да 6 шақырым қашықтықта) Ахметтің туған үйінің орнына 1993 жылы Ахметтің 120 жылдығы қарсаңында «Ахмет Байтұрсынұлының туған үйі» деп жазылған белгі қойылды. Бұл жер 50 – ші жылдарға дейін талай отбасыларға қастерлі қоныс, атажұрт, пана болып келген. Кейін иесіз қалған, үйлер әбден тозып, құлап, іргесіндегі кірпіштері ғана сақталған.

Қазір екі ауылда тұрып жатқан Ахмет ұрпақтары бірлесіп бабамыздың шыр етіп дүниеге келіп, кіндік қаны тамған үйінің нақ орнына мұражай - үйін тұрғызып, ішін жабдықтап қалыпқа келтірді. Баба аруағы алдындағы бір парызды өтеп, игілікті шараны жүзеге асырды.

Қазіргі уақытта Торғайға ат басын бұрған иісі қазақ баласы Сарытүбекке, Ахметтің туған үйіне соғып, тағзым жасап аттанады. Бұл келешек ұрпақ үшін асыл мұра, өшпес тарих болып сақталады.

Сонымен қоса, Ахмет атамыздан қалған жәдігер ретінде берілген кірпіштерді жатқыза аламыз. Себебі, бұл кірпіштерден Ахмет атамыздың үйлері қаланған болатын.

Қосымша ақпараттарды алу үшін біз насихатшы, көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі, кезіндегі совхоз комсомол ұйымының қоғамдық негіздегі жетекшісі Ағытайұлы Ибраһимнен сұхбаттастық. (Қосымша №9)

Сонымен қоса, Ахмет атамыздан қалған жәдігер ретінде берілген кірпіштерді жатқыза аламыз. Себебі, бұл кірпіштерден Ахмет атамыздың үйлері қаланған болатын. (Қосымшалар №1,2,3,4,5,6,7,8,11)

Қорытынды: Бұл жұмыс – ХХ ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, аса ірі әдебиет теоретигі, ғұлама түрколог, жаңа қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсыновқа арналып отыр. Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған санаулы жұлдыздарымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ахмет Байтұрсынов – қазақ

халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Әрбір көзі ашық адамға А. Байтұрсыновтың кім екенін таныту үшін осы сөздер де жеткілікті болар еді. Дегенмен, сәл анығырақ айтсақ, А. Байтұрсынов ағартушы ғалым болу үшін елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да күрделі жолдардан өтті. 1905 жылы педагогикалық училищені бітірген А. Байтұрсынов Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай-тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Яғни, Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады. А. Байтұрсыновтың осы оқу-ағарту идеясы – қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылды. Әрине, А. Байтұрсыновтың еңбегі жанып, арманы орындалды десек әбден болады. Бір сөзбен айтқанда, ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

Ағытайұлы Ибраһим: «Мен үшін Аханды зерделеу – борыш, әрі парыз. Ұрпақ үшін бұл – мәңгі бітпейтін іс».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN 9965-893-73-Х
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
5. Абдуллин “Боздағым” // Торғай таңы. – 1991. 31 мамыр. А. Байтұрсыновқа катысты деректер.
6. Абдуллин Ә. Жыр жоқтау деректері // Сұхбат. – 1991. – 1-15 маусым.
Ақын Қарпық Шошақұлы шығармаларындағы Ахмет Байтұрсыновқа байланысты кейбір мағлұматтар.
7. Әліппе “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-



МРНТИ 19.61.51

**Г. Ақтас, А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университетінің магистранты¹
А. Шурентаев, PhD докторы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік
университеті журналистика және коммуникациялық
менеджмент кафедрасының меңгерушісі¹**

Аймақтық телевидениенің аудиторияға әсері

Андағпа. Мақала аймақтық телевидениенің рөлін философиялық тұрғыдан түсінуге және жалпы аудиторияға әсерін анықтауға арналған. Жергілікті телевидение аудиториясының құндылық бағдарларына, оның

мұраттарына, ұмтылыстарына, мінез-құлық үлгілеріне әсері көрсетілген. Зерттеуде қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуына облыстық телевидениенің рөлі айқындалып, нақты мысалдармен негізделген.

Аннотация. В статье рассматривается философское осмысление роли регионального телевидения и его влияния на широкую аудиторию. Приведены примеры влияния ценностей местной телеаудитории, ее идеалов, стремлений, моделей поведения. Исследование определяет роль регионального телевидения в социокультурном развитии общества и опирается на конкретные примеры.

Abstract. The article discusses the philosophical understanding of the role of regional television and its impact on a wide audience. Examples of the influence of the values of the local TV audience, its ideals, aspirations, behavior patterns are given. The study defines the role of regional television in the socio-cultural development of society and is based on specific examples.

Түйін сөздер: аймақтық телевидение, аудитория, ақпараттық кеңістік, аймақтық коммуникация.

Ключевые слова: региональное телевидение, аудитория, информационное пространство, региональная коммуникация.

Key words: regional television, audience, information space, regional communication.

Өзектілігі

Бұл мақаланың өзектілігі аймақтық телевидениенің қазіргі ғылымды қызықтыруымен түсіндіріледі, өйткені әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен мәдени әңгімелер заманауи теледидардың әсері арқылы таралады. Өңірлік телевидение көрерменге ерекше жақындығымен, халықтың негізгі бөлігінің сұранысымен, көрерменнің жанама мүдделері мен проблемаларын экранда көрсетуімен ерекшеленеді. Бұл, әрине, халық үшін маңызды. Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды саралай келе, өңірлік телевидениенің дамуының жекелеген бағыттары, тар шеңбердегі мәселелер ғана зерттеліп жатқанын айта кеткен жөн. Марат Барманқұлов, Әмір Молдабеков, Клара Қабылғазина, Жидегүл Әбдіжәділқызы сынды зерттеушілер арқылы қазақ телевизиясының тарихымен және проблемаларымен таныссақ, қазіргі телевизия жайлы айтылып келе жатқан түрлі ой-пікірлер бар. Дегенмен, өңірлерде телекоммуникация жүйесі қалыптасып жатқан жаңа қоғамдық-саяси жағдайлар өңірлік телевидениенің дамуының негізгі үрдісі мен келешегін зерделеуге кешенді жүйелік көзқарасты талап етеді.

Жұмыстың мақсаты. Бұл жұмыстың мақсаты – аймақтық телевидениенің рөлін философиялық тұрғыдан түсіну, қазіргі аймақтық телевидениенің медиакөңістіктің бір бөлігі ретіндегі даму тетіктерін зерттеу.

Жұмыстың қолданбалық маңызы. Соңғы кезде мәдениеттану ғылымында «аймақ» термині кеңінен қолданыла бастады. Иә, заман V. Жеке назар өзінің эстетикалық зерттеулерінде ұлттық мәдениеттің аймақтық өлшемдеріне үлкен мән береді. «Аймақ» терминін қолдана отырып, оны «адам болмысының аймақтық өлшемдері туралы ілімдер кешені» деп анықтайды. Мәдени аспектіде аймақты өзіндік ерекше «рухани метафизикасы» мен «рухани этнографиясы» бар аймақтың өзіндік «мәдениеттану» ретінде көрсетуге болады. Ғалым мәдениеттанулық аймақтың тарихты, мәдениет пен өнерді, аймақтардың қазіргі рухани өмірін зерттейтін саласы ретінде әлі де тиісті теориялық және әлеуметтік мәртебе алмағанын анықтайды.

Зерттеу пәні: бүгінгі аймақтық телевидение, оның бағдарламалары, проблемалары, функционалдық мүмкіндіктері, дамуы, қоғамдық пікір және аудитория мәдениеті мен ықпалы.

Жұмыстың деректік негізі. Мәдени аспектіде аймақты өзіндік ерекше «рухани метафизикасы» мен «рухани этнографиясы» бар аймақтың өзіндік «мәдениеттану» ретінде көрсетуге болады. Бұл өлшемдерде аймақ этномәдени немесе мәдени аймақтың бір бөлігіне айналады. Оның қалыптасуы мен дамуы аймақтарды жеке фактілер мен қызықты оқиғалармен емес, тарихи, мәдени, өнер проблемаларының синтезі арқылы анықталатын жалпылау материалдарымен бейнелейтін жүйелі көзқарасты болжайды.

Нәтижесі. Кеңес Одағы кезіндегі орыс мәдениеті мен әдебиетін зерттеуші академик Д.Лихачева Отанға деген сүйіспеншілік, өз тарихын білу бүкіл адамзаттың шынайы рухани

мәдениеті ғана өмір сүре алатын негіз екенін тарихи тәжірибені зерделеу мен сақтаудың маңыздылығы туралы жазған болатын.

Демек, аймақтағы қоғамдық өмірдің субэтникалық ұқсастығы мен автономиясын, оның біртұтас мемлекеттік ұлттың қалыптасуы мен дамуы үшін ерекше маңыздылығын ашып көрсету қажет. Қазіргі таңда өлкенің тарихи күрделі дәстүрлері мен өзіндік ерекшеліктерін алға шығарған жаңа саяси шындықтың бастауында тұрған қоғамды зерттеу мәселесі бірегей мәселе болып табылады.

Кіріспе

Бүгінде аймақтық телевидениеге, оның бағдарламаларына, проблемаларына, функционалдық мүмкіндіктеріне, дамуына, қоғамдық пікірге және аудитория мәдениетіне ықпалына көп көңіл бөлінуде. Бұл, ең алдымен, облыстық телевидениенің маңыздылығының күн сайын артып келе жатқандығынан болса керек. Жалпыұлттық арналарды хабарлау кейбір «орташа» көрерменге арналған, ал жергілікті хабар тарату ақпарат береді және өз аймағының мәселелерін көтереді. Орталық телеарналардың ақпараттық бағдарламалары жалпы хабарлар көлемінің 13-18 пайызы ғана аймақтық тақырыптарды көрсетеді. Өңірлік телевидение көрерменге ерекше жақындығымен, халықтың негізгі бөлігінің сұранысымен, көрерменнің жанама мүдделері мен проблемаларын экранда көрсетуімен ерекшеленеді. Сондықтан еліміздің ақпарат алмасу дәуіріне ену үдерісіндегі аймақтық телевидениенің әлеуметтік-мәдени рөлін зерттеу ерекше маңызды [1, б. 100].

Профессор Намазалы Омашев айтқандай «Елдік, тілдік, ұлттық мәселелер жөніндегі пікірлер ашық, ұстанымдар берік болуы тиіс. Қазіргідей капитал мен олигархтық топтарға тәуелділігі арта түскен БАҚ жүйесінде қызмет ете отырып, ар-ождан кодексін сақтай білу үлкен сын болып тұр. Бізге қалам қайраткерлеріне осылардың бәрінен биік тұратын ұстаным керек. Сондықтан жергілікті бағдарламалар белгілі бір аймақтың оқиғалары мен мәселелерін егжей-тегжейлі көрсетуге байланысты өмір панорамасын тарата отырып, орталық бағдарламаларды толықтырады» [2, б. 44].

Бүгінгі күні орталық және аймақтық телекомпаниялар арасындағы бәсекелестік туралы сөздің толық мағынасында айту мүмкін емес, өйткені олардың әрқайсысы өз функцияларын орындайды, ал орталық арналар бір-біріне құрмет көрсете білсе, бұл өте құптарлық құбылыс. Аймақтық телевидение – бұл мемлекеттік теледидарды, сондай-ақ коммерциялық («тәуелсіз») телеарналарды бірлесіп сатып алу және біртұтас ақпараттық өрісте жеке дауыс ретінде қабылданады. Өңірлік деңгейдегі электронды БАҚ қызметінде жаңа өңірлік коммуникация жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі бойынша кейбір тенденциялар, перспективалық көзқарастар пайда болды. Бұл тенденциялар, әсіресе, телеаудиторияның мемлекеттік деңгейден аймақтық деңгейге қайта бағдарлануына әкелді [8].

Аймақтық нарықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында аудиторлық тексерулерге тапсырыс беріп немесе өз бетінше жүргізетін инстаграм парақшалар көбейіп келеді. Өңірлік станциялардың зерттеулері оны жүргізу әдістемесіне қатаң талапқа сай болмаса да, телеарналардың көпшілігі көрерменнің талғамын біліп, нарықта өз орнын табуға көмектесетінін түсінеді. Өңірлік телевидениенің жаңа сапаға көшу тұжырымдамасы аймақтағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайға байланысты емес, мұндай «ұнату» ұғымын қолданумен байланысты бірқатар себептермен күрделене түсті. Аймақтық телекоммуникация жүйесінің қалыптасуымен қоғамдық пікірді басқару технологиясында мүлдем жаңа құбылысты зерттеу мүмкін болды. Облыстық телевидениеде жаңа формалар, әдістер мен жанрларды жасау және дамыту процесі өте қарқынды дамып келеді.

Өңірлік телевидениенің бүгінгі күндегі рөлінің артуы, біріншіден, орталыққа қарағанда халықтың үлкен сеніміне байланысты болса, екіншіден, қазіргі жағдайда оның алдында түйінді жүйеге айналу міндеті тұр.

Көрермендердің облыстық және жергілікті телеарналардың хабарларына белгілі бір деңгейде көзқарасы олардың қаралуының жүйелілігі мен қарқындылығына байланысты екені сөзсіз. Дәл осындай қызығушылықпен қатар, мұндай көзқарасқа әзірлік бірқатар

теледидарлық және «теледидар емес» факторлар мен құралдармен, сайып келгенде, аймақтық телевидениенің қабылдауы мен функцияларын зерттеумен анықталады [4, б. 58].

Аймақтық телевидение жүйесі ұйымдық ұйымдастырылған құрылымға ие, бұқаралық коммуникация субъектілерімен қажетті ұйымдастырушылық байланыстарға ие. Осы тұрғыдан алғанда, аймақтық телевидение – материалдық-техникалық базаны кеңейтуге, ақпараттық технологиялар саласында қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін әртүрлі меншік нысанындағы субъектілердің өзара әрекетін тартатын ашық типті жүйе. Аймақтық станциялар өз бағдарламаларын шығаруға көзқарастарымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бас облыстық телевидениенің өзіндік өндірістік бағдарламалары бар. Кейбір станциялар өздерінің имиджін жасауға ұмтылу үшін жеткілікті бағдарламалар шығарады және жергілікті мәселелер мен оқиғаларды қамту жергілікті аудиторияны тартады деп санайды [6, б. 25].

Өңірлік телестудиялар құқықтық, экономикалық, мәдени және этикалық ережелер негізінде жұмыс істейтін заманауи БАҚ жүйесіне органикалық түрде енгізілген. Жергілікті журналистердің кәсіби шеберлігі артып, соның нәтижесінде жергілікті телестудияларға деген сенім артып келеді.

Аймақтық телевидение жүйесінің таптырмас функциялары бар: ақпараттық, аналитикалық, ойын-сауық және т.б. Соның ішінде әлеуметтік-мәдени функция ерекше құндылыққа ие. Аймақтық телевидение аудиторияның құндылық бағдарларына, оның мұраттарына, ұмтылыстарына, мінез-құлық үлгілеріне қатты әсер етеді.

Жергілікті телестудиялар көрермендерге қоршаған ортаны түсінуге, әлеуметтік құбылыстарды түсінуге және бағалауға және оларға қатысты ұстанымды дамытуға көмектеседі. Сонымен бірге, облыстық телеарналар қоғамдағы ұлттық құндылықтарды көрсетіп, нығайтып, халықтың жалпы мәдениетін көтеруде. Қоғамның қандай идеяларды басшылыққа алатынын, қандай мұраттарға сүйенетінін көп жағдайда облыстық телевизия анықтайды.

Облыстық телестудиялардың хабар тарату орталығында қашанда өз уайымы, өз мүддесі, талпынысы мен тілегі бар қарапайым адам тұрады. Өзінің мінездемесінде журналистер еңбексүйгіштік, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, татулық, кәсіпқойлық сияқты қасиеттерді үнемі атап өтеді. Дәл осы қарапайым адам үшін құндылықтар мен дәстүрлер төленеді, ал жергілікті телестудиялар оларды ретранслятор арқылы орындайды.

Жергілікті телестудиялардың хабарлары көңілді, оптимистік, проблемалар мен қиындықтарды әңгімелейтін, қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын ұсынуға тырысады. Мәдени құндылықтардың ішінде жақсылық, бейбітшілік, еңбек, көмек, білім, отансүйгіштік мұраттарына ерекше мән беріледі. Аймақ журналистері үшін мұның бәрі әдет-ғұрып бойынша мақталып, мән-маңызын ерекше атап өтетін жай ғана дерексіз құндылықтар емес, заманауи адамның қажетті атрибуты, дәл осы нақты тұлғаның ойымен жергілікті телеарналар сөйлейді.

Алайда, бұл процесс көбінесе өздігінен жүреді, жергілікті теледидар көрерменге жақын болғандықтан, оның қызығушылықтарын экранда көрсетуге және оның көңіл-күйімен айналысуға мәжбүр болады. Аймақ журналистеріне жүктелген тапсырманы орындауда салмақты көзқарас жоқ. Жергілікті теледидардағы мәдени құндылықтарды көрсету формасы орындалған рөлдің маңыздылығына сәйкес келмейді. Пайдаланылған бейнелер күрделі емес, қабылданатын, «бетінде жатқан» және әдетте ойластырылған журналистік жұмыстың нәтижесі емес. Бағдарламалардың өзі аскетикалық қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Мысалы, Қостанай қаласындағы аумақтық «Qostanai» арнасының 25 жылдан аса тарихы бар. Осы жылдар ішінде Қостанай халқын ғана емес, жалпы облыс, республика масштабын тың ақпарат, түрлі танымдық бағдарламалармен көзайым қылып келеді. Мысалы, қазақ тіліндегі «Ел мүддесі», «Нысана», «QR код» бағдарламалары аудан-ауылдардағы соңғы жәйттермен хабардар ете отыра, олардың күнделікті тұрмысы, тыныс-тіршілігі, қордаланған мәселелерін айтады. Ал, «Ақ орамал», «Менің монологым», «Тұңғыш», «Менің қолтаңбам», «Ақсұлу», «Между нами женщинами» бағдарламалары көбіне тәрбиелік контентті құрайды. Ол ана мен бала, дұрыс тәрбие, жетістікке ұмтылдырар мотивация, жақсылар тағдыры, тұлғалардың

басынан кешкендері, т.б. Және көрерменнің көңілін бір серпілдіп, езуге күлкі ұялататын хабарлар да жетерлік. Олар көрерменге мәлім «Talent time», «Life moments», «Тобыл тынысы» (бұл жаңадан берілген есім, 5 жылдан бері «Тобыл таңы» аталып келді).

Теледидарда хабар тарату желісін қалыптастырудың басты міндеті – экрандарға мүмкіндігінше көп көрермен тарту. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, жергілікті телебағдарламалардың қалыптасуына бірқатар факторлар әсер етеді. Оның ішінде телекөрермендердің қабылдау ерекшелігі, өңірдегі халықтың мәдени және ғылыми әлеуетінің дамуы. Сонымен қатар, бағдарламалардың қалыптасу ерекшеліктерін аймақтың әлеуметтік даму контекстінен тыс қарастыруға болмайды. Теледидар бағдарламаларының ауқымы кең болғандықтан, бағдарламалардың пайдалылығы да, нәтижелі болуы да көбінесе бағдарламалау деңгейіне байланысты. Кеңестік теледидар дәуірі бағдарламалардың біржақты саяси бағытымен және олардың таңдауының мардымсыздығымен сипатталды. Телехабар таратудың жаңа концепциясының негізгі қағидасы – көрермендердің жан-жақты сұраныстарын қанағаттандыруға ұмтылу. Жаңа технологиялар, кабельдік және цифрлық технологиялар телевидениенің мүмкіндіктерін арттыруға үлкен ықпал етті. Мәселен, бүгінде тұрғындардың телевизиялық қабылдағыштары орта есеппен жиырмаға жуық телеарнаны қабылдайды, бұл телевизиялық аудиторияға бағдарламаларды, фильмдерді және т.б. кең таңдауына кепілдік береді. Бағдарламалаудағы анықтаушы фактор – көрермен мен көрермен арасындағы өзара әрекеттесу мүмкіндігі. бағдарламасы [7].

Өңірлік станциялардың өздерінің хабар тарату желілерін қалыптастыруға деген көзқарастары әртүрлі. Кейбіреулер өздерінің имиджін жасау үшін көптеген бағдарламалар жасайды, ал басқалары өздерінің бағдарламаларын азырақ шығарғысы келеді немесе оны мүлдем жасамайды, желі арқылы бағдарламаларды қабылдайды немесе заңды түрде басқа көздерден алынған фильмдер мен сериалдарды көрсетеді.

Бүгінгі таңда жергілікті станциялар өз позицияларын дамытудың және нығайтудың жаңа жолдарын іздеп жатқанда, олардың өндірістік қуатын арттырып, бағдарламаларды қалыптастырудың жаңа көздерін таба алатын кезде, көрерменді тартудың әлсіз әрекеттері олардың қызметінің негізгі қағидасына айналғанда - бұқаралық көрерменді тарта отырып, облыстық телевидениенің нәтижелі жұмысының маңызды шарттарының бірі ретінде хабарлаудың маңызы туралы айту керек.

Аймақтық телерадиокомпаниялардың дамуы мен қызмет етуіндегі негізгі проблемалардың бірі – телерадио хабарларын таратудың құқықтық негізінің жоқтығы. Мәселен, тек мемлекеттік телерадиокомпанияларға арналған мемлекеттік тапсырыстың болуы коммерциялық телекомпанияларды әлеуметтік маңызы бар өнімдерді жасау бастамасынан айырады. Бірақ мемлекеттік телекомпаниялардың да бірқатар проблемалары бар: толық емес, ретсіз қаржыландыру, мемлекеттік телеарнадағы эфир уақытының қысқаруы.

Білікті кадрларды даярлауға қаражаттың жетіспеушілігі, сондай-ақ ұлттық аудиторияға қолжетімділіктің шектелуіне әкеп соғатын аймақтардың географиялық оқшаулануы мәселесі түсініктеме беруді қажет етпейді. Оларды шешу бағдарламалардың шығармашылық деңгейін, бағдарламалардың сапасына жауапкершілікті арттыруға түрткі болар еді. Бұл, әрине, телекомпаниялардың беделін нығайтар еді. Сонымен қатар, екі толық тәуелсіз ақпараттық кеңістіктің болуы туралы айтуға болады - орталық және аймақтық. Бұл ретте облыстық және жергілікті телекомпаниялардың іс жүзінде барлық тақырыптық бағдарламалары бұрын ашылған және орталық телеарналардың хабар жанрларының кеңеюіне ұшырауын жалғастыруда. Орталық телевидение мен редакциялардың бағдарламаларынан жеке хабарлар ғана емес, тұтас басылымдар да «көшірілген» [5, б. он бір].

Сонымен, қазіргі кезеңде аймақтық телевидениеге, оның жұмыс істеуіне, бағдарламалануына, проблемаларына, дамуына, көрермендердің пікірі мен мәдениетіне ықпалына көп көңіл бөлінуде. Облыстық телевидениенің маңызы күн сайын артып келеді. Орталық телевидениенің белгілі бір орташа немесе элиталық аудиторияға арналған бағдарламаларынан айырмашылығы, жергілікті хабарлар көрермендердің күнделікті өміріне

тікелей қатысты мәселелерді қарастырады және ақпарат береді. Орталық арналарда көрсетілетін хабарлардың жалпы мәселелері мен жанрлық ерекшеліктері негізінен ойын-сауықтық немесе қылмыстық сипатта болса, кейде бағдарламалары соншалықты кәсіби емес, онша техникалық емес орындалатын облыстық телевидение өзінің шынайылығымен, халыққа жақындығымен ерекшеленеді. көрермен.

Осылайша, кез келген елдің телевизиясы ең алдымен аймақтық телевидение арқылы күшті деген тезис расталады. Бірақ аймақтық телевидениенің дамуы мен өркендеуіне экономикалық жоспар ғана емес, бірқатар себептер кедергі келтіреді.

Облыстық арналарда жұмыс істейтіндердің арасында бүгінде арнайы жоғары білімі бар мамандар аз.

Өңірлік телеарналарда астаналық тележурналистер өткізетін «шеберлік сабақтарында» кадрлар даярлау жүйесі жоқтың қасы; орталық арналардағы журналистердің біліктілігін арттыру тәжірибесі жеткілікті түрде дамымаған.

Өңірлік телевидение барлық жергілікті шаралардың белсенді қатысушысы болып табылады, ол өз көрерменін орталық арналардың мүмкіндіктері мен мүдделерінен тыс нәрселерден хабардар етеді. Сонымен қатар, ол аудиторияны аймақтық және аймақтық басқару мәселелеріне белсенді түрде тартады.

Дегенмен, танымалдылықпен қатар жергілікті телевидение жұмысының сапасына, оның бағдарламалық саясатына, қызметінің мазмұны мен эстетикалық аспектілеріне көрермен сұранысы да артып келеді.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінде өңірлік телевидение түбегейлі қайта құрулар қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары бір жағынан жергілікті өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салаларындағы өзгерістерді көрсетсе, екінші жағынан бұл өзгерістердің мазмұнына, бағытына, қарқындылығына тікелей әсер етеді. Аймақтық телекоммуникациялар жүйесі қалыптасуда, ол қоғамды жаңа құндылықтар, жаңа идеология негізінде топтастырушы факторға айналуға, жаңа идеяларды, ұстанымдарды, әлеуметтік мәселелерді шешуге кең топтарға қолжетімді тәсілдерді дамытуға жағдай жасауға арналған. халық саны.

Қоғамның рухани мәдениетінің негізін құрайтын құндылықтар жүйесі әртүрлі ұрпақтар арасындағы байланыстырушы жіп болып табылады және мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамның дамуын қамтамасыз етеді. Егер әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар процесінде мәдени дәстүрлердің ерекшелігі ескерілмесе, қоғам өмірдің барлық салаларында рухани дағдарысқа және оның қайғылы зардаптарына ұшырайды [3, б. он сегіз].

Әңгіме – рухани мәдениеттің телеэкраннан өзінің лайықты көрінісін табуы және оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлт мұраты, асыл құндылығы екенін білу.

Бұқаралық ақпарат құралдарының даму динамикасының күрделенуіне байланысты әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі медиа-кеңістіктің аймақтық ерекшеліктерін социологиялық зерттеу өзекті болып табылады; мәдениет әлеуметтануы тұрғысынан БАҚ-ты зерттеуге қызығушылықты арттыратын баршаға ортақ, біртұтас білімді өндіру мағынасында бұқаралық ақпарат құралдарының біртектілігін жоғалту.

Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамды ақпараттандыру құралынан қоғамдық сананы, мінез-құлық мәдениетін, әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен нормаларды қалыптастырудың маңызды факторына айналып, өзгеруде.

Қорытынды

Осылайша, қазіргі уақытта теледидардың аймақтық конструктивті рөлінің іргелі табиғаты туралы зерттеулер іс жүзінде жүргізілген жоқ.

Бұл әлеуметтік-мәдени өзгерістер факторы ретінде БАҚ тәжірибесін жүзеге асырумен байланысты мәселелерді талдауды, сондай-ақ аймақтың медиа кеңістігіндегі БАҚ-тың сындарлы рөлін, олардың қоғамға тигізетін ықпалын зерделеуді, әр түрлі бағыттарды анықтауды қажет етеді. әлеуметтік-мәдени процестер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Проблемы местной печати, радио и телевидения. -М., 1986
2. Иванов А. Областное телевидение. В поисках своего лица// Телерадиовещание. - 1989.
3. «Егемен Қазақстан». Аймақтық БАҚ-тың бүгіні мен болашағы, 20 қар, 2016
4. Еременко О.А. Феномен регионального телевидения//Средства массовой информации в современном мире. -2000
5. Сухарников, П.В. Новый формат новостного телевидения [Мәтін] / Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева. - 2016. - №1(20), том 1.00
6. Саруханов, В.А. Албука телевидения [Электрондық ресурс] / В.А. Саруханов. - URL: //http://evartist.narod.ru/text/85.htm. Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева №4, том 2, 2016
7. Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. «Теледидар сөздігі - тележурналистика анықтамасы». Оқу құралы. – Алматы. Білім: 2003.



МРНТИ 37.28.81

М. О. Айтбаев, студент 3 курса, специальность «Агрономия» Туркменистан,
Дашагузский сельскохозяйственный техникум

Akhmet Baitursynov is a great son of the Kazakh people

Аннотация. Статья посвящена выдающемуся казахскому педагогу, общественному деятелю, публицисту Ахмету Байтурсынову, великому сыну казахского народа,

Abstract. The article is dedicated to the outstanding Kazakh teacher, public figure, publicist Akhmet Baitursynov, the great son of the Kazakh people.

